

- 15 *Bes gasyr zhyrlaidy. 2 tomnik / Sost. M.Maguain, M.Baydildayev, Alma-Ata: Zhazushy, 1989, t. 1, p. 384.*
- 16 Smirnova N.S. *Of a legend and poems about Abylaye. Problems of the Kazakh historical poems, Alma-Ata: Gylym, 1979, 82 p.*
- 17 Propp V.Ya. *Russky heroic epos. 2 prod., Moscow, 1958, 287 p.*
- 18 Ybyrayev Sh. *Mir of the epos. Poetics of the Kazakh heroic eposes, Almaty: Gylym 1993, 224 p.*
- 19 Bizhanov S. *Sotsialnye of categories of the Kazakh society of the XVIII century in works of the Russian scientists. Kazakhstan in XV–XVIII eyelids, Alma-Ata, 1969, p. 160–161.*
- 20 100th document «Documents on the Kazakh Khanate and Empire Qing», Almaty: Sanat, 1998, p. 10–84.

ӘОЖ 821.512.122

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: 22gulim1988@mail.ru)

Алты Алаштан «сері» деген ат алған Ақан сері Қорамсаұлы

Туғанына — 170 жыл, қайтыс болғанына — 100 жыл

Мақалада XIX ғасырдың көрнекті ақыны, әншісі, композиторы — Ақан Қорамсаұлының өмірі мен қызметі баяндалған. Оның өз бойындағы тамаша дауысын, сондай-ақ ақындық және композиторлық дарынын ұштастыра білуі арқасында аты аңызға айналған «сері» атанғаны көрсетілген. Ақынның қайғыға, мұңға толы қиындықта өмір сүргені туралы қорытынды жасалған. Серінің кемел шағында оның әйгілі жүйрік аты Құлагердің жау қолынан өлтірілген кезде қайғырып ауыр халде күн кешкені айтылған. Ақан серінің жарқын өмірі мен қайғылы тағдыры халық есінде терең із қалдырғаны негізделіп суреттелген.

Кілт сөздер: сері, қалыптасу, махаббат, шығарма, ұғым, достық, Құлагер, жыр, бәйге, ақын, арнау, қасірет, жер, нақылдар.

Kipicne

Арқаның ардагері атанған Ақан сері — өзі өмір сүрген дәуір шындығын ән-музыка, өлең-жыр туындылары арқылы бейнелей білген ұлы суреткер, дарынды композитор. Асыл өнерімен де, жеке бас әдет-мінездерімен де, сән-салтанатымен де даралана көзге түскен қазақтың ең қадірлі серісі. Жақсылық пен әділеттік жолына белін бекем бұған, ақыл-парасаты биік саналы гуманист. Ол ақынның айтқыры, әншінің саздысы, сазгердің наздысы, серінің сейдіні.

Ақанның туған жері — жасыл желек жамылған қалың нулы, көл-көсір өзен-сулы табиғаты бар, қалың қарағай мен ақ балтыр аққайың бой таластыра өскен Көкшенің кербез сұлуы атанған қасиетті жер. Болашақ ақын 1843 жылы Көкшетау уезінің Шалқар болысында үлкен Қоскөл жағасында дүниеге келді.

Оның әкесі Жақсылық Қарауылдан (Орта жүз Арғын тайпасына жататын ру) тарайтын Малтабардың бес ұлының бірі, Құдайқұлдың немересі. Жарқынның жалғызы — Қорамса. Ол бұлаң құйрық заманынан үлесін қағып қалу үшін жастай сауда-саттықпен айналасып, дүрілдеген мол дәулет жинайды. Сол дәулеті шалқыған шаңыраққа ие болар перзент күтсе, жары Жаңыл жылаша бір қыз тауып, ат ұстарға зар қылады. Ақыры, ақ тілеуі қабыл болып, бес қыздан кейін дүниеге Ақжігіт атты ақмаңдайлы ұл келеді. Көп күттіріп көрінген ұлын еркелетіп ата-анасы Ақан атандырып жібереді. Ақаны ақжолтай болып артынан Мұхамбет, Рамазан, Әйберген деген тағы да үш ұл туады. Ізі-жолы құтты болған үлкен ұлын Қорамса беттен қақпай еркін, ерке етіп өсіреді. Балаларға қара танытып, хат білгізу үшін ауылда арнайы ұстаған Күнту молдадан Ақан да алғаш қадимша сабақ алады. Ұстазының айтқанын қағып алып, табанда қайталап беретін зерек бала молданың бірсарынды дәрісінен зеріге бастайды. Өзінше ойлап, көрген-білгенін өзінше бағалай бастаған ол бірде ұстазымен бір шарифатқа таласып қап, таяқ жейді де: «Шыбыққа сүйенген шарифатыңды ұрайын», — деп тайып тұрады.

...Бір саудагерге еріп Қызылжар кетіп қалады да, онда барып Уәли ахун медресесіне түсіп, екі-үш жыл білімін байытады» [1; 106].

Азды-көпті дәулеті бар Қорамса мұсылманша сауат алған Ақанды ауыл молдасы етпек болады. Бірақ бала кезінен домбыра тартып, әнге, өлеңге құмар болып өскен Ақан, басына сәлде орап, мешіт ұстаудың орнына қайда жиынтой, шілдехана, алтыбақаны бар жерге аңсары ауа береді. Бойшаң, келбетті, әдемі ашық үні бар жігітті қай жерге барса да құрметпен қарсы алатын болған.

Сонымен, Ақан 16–17 жасында өнер жолына түседі. Тарихтың алтын парағына анасы Жаңыл еркелетіп қойған Ақан есімін мәңгі өшпестей етіп қалдырады. Осыдан былай Ақанның жалпақ жұртқа жат көрінген серілік өмірі басталады.

Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың Қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бұлде кигізіп дегендей, 15–20 жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасыдай оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киген. Біресе қара атқа мініп, ақ киген. Біресе қара атқа мініп, қара киген. Біресе торыға мініп, күрең киген. Басында — бұлғақтаған үкі, қолында — домбыра, аузында — ән... Жігіттердің бәрі балуан, бәрі әншіл. Бірақ Ақанның әні өзгеше. Даланы күңіретіп Ақан ән шырқаса, би билігін, кемпір өрнегін, сұлу кестесін қойып, тыңдай қалады. Қарауылдың қалың көздері: «Ақанның әні-ай!» — деп күрсінеді. Сүймесе сері дер ме еді, қалың Қарауыл Ақанға «Сері» деп лақап есім береді. Солай жүргенде Ақан бұрын атастырып қойған қалыңдығы Жұмат қожаның қызы Бәтиманы алады. Онымен он жылға жақын отасып тұрады. Бәтимадан бір ұл, екі қызы болады.

Бірақ ұлы тілсіз болады. Он жыл шамасында Бәтима өледі. Серіліктің соңында жүрген Ақан Бәтиманың өлімін елемейді. Серілікті бұрынғыдан да үдетеді. Құлақ естір жерден алғыр қыран, құмай тазы, жүйрік жияды. Зілғараның баласы Әлібек батырдан бір жылда алпыс түлкі алған Қараторғай деген бүркітті, Сайрат төреден бір жылда тоғыз қасқыр алған Базаралы деген итті алады. Қалың Қарауылға аты шыққан Ақтоқты деген арумен көңіл қосады. Тап сол кезде Ақанның қолына алты Алашқа аты шыққан Құлагер түседі [2].

Сол кездегі дала өмірінің аса қызық түрі: жүйрік ат, қыран құс, алғыр тазы ұстау еді. «Сері» деген атаққа осы шарттар лайық-тұғын.

Ақанның ақындық жолының қалыптасуы

Серінің ақындық жолы басқа халық ақындары сияқты дәстүрлі жолмен қалыптасады. Ақан өз шығармаларын жазып та шығарады. Сонымен бірге жатқа айтып, ауызекі де таратады.

Ақын еңбектеріндегі көп жырланған тақырып — жастық, достық, махаббат, әйел тақырыбы. Ол қалдырған мұраның бәрі — жүрек отының жалынындай, терең толғаныстардың туындылары. Оның поэзиясы — адамның сезім сырнайын тарта білген сыршыл да шыншыл поэзия. Әрбір сөзі азамат басына төнген қалың қара бұлттың тыныс тарылтар қапырығы ғана емес, нөсер жауын алдындағы жан жадыратар аспанның ақша бұлттары. Мұндай қасиеттер ең алдымен ақынның ғашықтық лирикаларына тән.

Ақан серінің ғашықтық лирикаларының бір тобы аттары аталып, түстері түстелетін өзінің ғашықтары. Олар Ақтоқты, Ұрқия, Жамал, Балқадияша, Мақпал сияқты белгілі адамдарға арналған.

Ақынның ғашықтық жырларының енді бір тобы белгілі адамдарға немесе өзі ғашық болған қыздарға емес, жалпы қазақтың сұлуларына арналған.

Бұл еңбектерінде Ақан сөз құдіретімен сұлу бейнелерін бірінен-бірін асыра мүсіндеп бере алды. Жалпы саны 40 шақты өлеңді қатар қойып оқығанда бәрі де қыз сұлулығына арналған шығарма бола тұра, бірін екіншісі қайталамайды. Әрқайсысы өзіне ғана тән өзгеше туынды болып қабылданады.

Мәселен, «Жайықтың ақ түлкісі аралдағы» өлеңі [3; 99, 100] арқылы сері аңсаған арулардың бейнесін жасауға болады:

*Сен болсаң алқызыл гүл, асыл еркем,
Мен бұлбұл сайрап тұрған иран бағы.
Құрбыңа назарыңды бір салмайсың,
Кер тағы сияқтанып құландағы,
Қалқыған дариядағы сен бір кеме
Ішінде бір шамшырақ бұрандалы.
Қайратпен қаһарманша бекінсең де,
Тәуекел майданында тұрам дағы.*

*Жайықтың сіз қоңыр қаз қырындағы,
Біз сұңқар, сізге тиген ұрымдағы.
Барып ем ілейін деп, суға түсті,
Қаз екен дарияның Сырындағы.
Болмаса ақ тұйғынның балапаны,
Қай құстар іле алмаған бұрындағы.
Сен болсаң адамзаттың асылысың,
Біз қанжар алтындаған қыныңдағы.
Ұнаса көңіліңе, перизатым,
Жүре бер бөліңе алып буындағы.*

Ақынның «Әйелдер сипаты» жырындағы [3; 101–109] болаттан құйылған, қиыннан қиыстырылған мынадай жолдар серпінді ойларымен, мінсіз сымбатымен ерекшеленеді:

*Әйелдің ақылдысы қолға түссе,
Адамның барып тұрған ақ маңдайы.*

*Бұлттан шыққан күндей көрсең жүзін,
Сөйлесер әрбір түрлі күймен сөзін.
Толғанып оқ жыландай толықсыса,
Ешкімге білдірмейді басқан ізін.*

*Ал сонда түгел болар ажар, көрік,
Мінезі ажарына болар серік.
Алыстан мекеніне лебі тартып,
Боп кетер қызыққандар оған жерік.*

*Әйелді сыйлау керек ескеріп біз,
Оларға айту керек орынды сөз.
Жақсы әйелге көз салып бір қарасаң,
Алып кете жаздайды қиғаштап көз.*

*Ішпей, жемей тойғызып түріменен,
Көрінгенді бәстес қып өзіменен,
Шығып кете жаздайды денеңнен жан,
Көзінің қойса қарап қырыменен.*

*Танимыз осылайша әйел жүзін,
Мінезін, ақыл, көрік, бал мінезін.*

Жалпы алғанда, Ақан «Балқадиха», «Сырымбет», «Әйелдер сипаты», «Жайықтың ақ түлкісі аралдағы» деген өлеңдерінде сұлулықты, әдемілікті жырлайды. Әйелді жер дүниенің ең бір сұлу, әдемі жаратылыстарына балайды. Азаттықты, еркін махаббатты аңсайды.

Сері шығармаларында сұлу қыздардың мінез-көркі қаншалықты әдемі жырланса, сондай-ақ қазақ жігіттерінің бейнелері де айтарлықтай дәрежеде суреттеледі.

Ақан қазақ жігіттеріне, жас замандастарына қаратып жазған арнауларында ақыл айтып, жақсылық жолға үндеп, өнерге баулиды. «Адамның біліміне ақыл серік» деген шығармасында [3; 103] жастарды «бос селтеңнен», мәнсіздіктен, жағымсыз мінез-құлықтан сақтандырады:

*Тірлікте тырбанып қал сайран етіп,
Ажал келмей тұрғанда шауып жетіп.
Құрметсіз зайыбыңмен өмір сүрсең,
Қотыр бұзау секілді қалдың өліп.
Тұрмысқа тірі күнде бол себепкер,
Отырма құр үйіңде бойға сеніп.*

*Талап қыл, азды-көпті жұмса ойды,
Әр істің ақырын ойла көңіл бөліп.*

Ақын жақсы жігіттерге тән адамгершілікті, жайдары-жайсаң мінезді, ақыл-парасаттылықты, халқына деген адал ниет, ақ пейіл, қажыр-қайратты дәріптейді. «Жігіт сипаты» атты туындысында [3; 109] өзі армандаған осындай өткір жастардың асқақ бейнесін термелейді:

*Наркескен қайрылмайтын қылыш болса,
Мінезі, ақыл, өнері дұрыс болса.
Бір сырлы, сегіз қырлы болса жігіт,
Жорғадай тілі майда жүріс болса.
Ақылды, сабырлы ер деп соны айтамыз,
Еткені берекелі жұмыс болса.
Бұл айтқан ақылымда жалған бар ма?
Көріңдер миға салып бұрыс болса.*

«Асыл мен жасық» өлеңінде Ақан пайдалы, пайдасыз ұғымдарды қатар алып әңгімелейді.

*Аққудың астығы жоқ шайнағанмен,
Құр тілдің пайдасы жоқ сайрағанмен,*

деген жолдарда өнімсіз іспен шұғылданатын берекесіздікті сынайды. Көркем бейнелі ауыстырулар арқылы, яғни асыл-алтын, жібек-асыл тас, сұңқар-тұлпар болса, жасықты неліктен шошқа, жез сиыр, сауысқан, күшігенге балайтындығы түсіндіріледі. Жалпы, өлеңнің өмірді таныстырарлық әсерінің мол екендігі айтылды.

Ақан сері «Айтамын замандасқа біраз кеңес» деген толғауында [3; 103–107] өз кезіндегі жастардың 13 түрлі қылық-мінездерін санап көрсетеді.

Бірінші орындағы жігіт — әрі сері, әрі дарын иесі. Ол келешекке мысал болғандай абзал жан. Екінші қатардағы жігіт — бойында өзіне лайық қайраты, жігері бар жан. Ол қаз ілер қаршыға сипатты қыран. Үшінші жігіт — аузымен орақ орған, кеудесіне нан пісердей, өр мінезді адам. «Төртінші бір жігіт бар мінезі ауыр, асыл зат ажар берген өңі тәуір...». Бесінші жігіт сыртқа өзінің сырын алдырмай, аңқауларды «бітеу союға» бар. «Алтыншы бір жігіт бар қарқылдаған...». Ол — «ақ көңіл, ашық мінез аңқылдаған». Жетінші жігіт бос сөзді, «ұшпа бұлт секілді» баянсыз. Ол — өмірін опасыз өткізетін жас. Сегізінші жігіт — жалған айтпайтын, сөзге ділмар, әркімнің тілін тапқыш. Тоғызыншы жігіт — алуға даяр, беруге саран, ақылын айлаға жұмсайтын жымсықы. Оныншы жігіт әйелінің қолтығына кіріп алып, не айтса соның бәрін мақұлдайды. Жетекшіл ат тәрзіді. Он бірінші жігіт — өтірікші, өсекші. Он екінші жігіт — өз-өзіне адамсыған, кердең-кербез. Басқаның ақылын құлаққа ілмейді. Кісіге жақын жүрмейді. Он үшінші жігіт — ұр да жықтың өзі. Биязылық оған жат.

Осынша жігіттердің мінез-құлқын сараптай келіп, ақын келешектен үмітті жастарға ақыл-кеңес береді. Оларды ақыл мен арды таза ұстап, білім-ғылымға бой ұрып, өшпес еңбек етуге үндейді:

*Айтайын замандасқа біраз кеңес,
Жігіттік талап еткен жаман да емес.
Өнермен талпынам деп орға түссе,
Өкініп өз ісіне қайғы жемес.
Атағы артта қалған кей сабаздың,
Өлсе де, оның сөзі өлмек емес.
Жұлдызы ер жігіттің оңынан шығып,
Бақ қонса гажап емес ертелі-кеш.
Келгенде оралыңа ойнақтап қал,
Келмейді қайта айналып бұл жиырма бес.
Жастықта әр тараптың басын шалсаң,
Қармақты тәуекел деп суға салсаң,*

*Еңбегің еңбектеген кетпес зая,
Міндетке бір жетерсің ойыңа алсаң.*

Ақан «Жақсы мен жаман» өлеңінде өмір құбылыстарын суреттейді. Ол қысылшаң шақта ел бастайтын жақсы ұлдарды армандайды. Жастарға достықты берік ұста, қиянатшыл болма, ғылым мен өнер үйрен деген өсиеттер айтады.

Сері жігіттердің де, әйелдер мен қыздардың да әр түрлі болатынын айтады. Осыдан барып адам баласы екі жікке бөлініп, «жақсы», «жаман» деген атқа ие болады дейді. Жақсыны жанымен жақсы көріп, оларға сүйсіндіреді («Жақсы қатын»). Ал, керісінше, «Жаман қатын» деген өлеңінде ең мінсіз әйелдің типтік бейнесін көз алдына тартып, одан жирендіреді [4; 777].

Ақын суреттеген жақсы мен жаманның өлшемі — адамның еліне пайдалы болуында. Ол жақсы жолдасты жарқырата мадақтайды. Жақсы адамды үлгі тұтады («Жігіттерге» атты толғауы [3; 112–113]):

*Сыр шашпас жақсы жолдас таза жүріп,
Қайғыңа ортақ болар мойнын бұрып.
Тастамас жау қолына қысылғанда,
Өзіңмен жанған отқа бірге кіріп.
Шырқырап шыбын жанын бірге салар,
Мойныңа бір дұшпаннан түссе құрық.
Айнымас, кетпес толқып, жаннан қорқып,
Бәйгеге басын тігіп қалар тұрып.
Құзырға қырық кісінің бірі жарар,
Біткен жоқ қой жақсы адам елден құрып.
Адамға мал мен мансап жолдас емес,
Байлықпен шайқап төгіп, ішсең үріп.
Қазына басқан байлық арылғанда
Алғандай қолдың кірін сумен жуып...
Жамандық жақсылыққа бірдей болып,
Жолдасың іші-тыстан болсын жуық.
Шын жүрек, таза тілек табылмайды,
Болмасын сырты күлкі, іші құлық.
Құданың бұйырмаған нәрсесіне
Кіріптар боп жүреді адам мұңлық.
Болмайтын өзі жалтақ, сөзі өсек,
Дос қайда айрылмастай тап мың жылдық...*

Ақан сері қазақтың неше бір ақындары үлгісінде адамның жас ерекшеліктерін де өлеңге қосқан. «Торыны таң асырып мінген қандай» [3; 95–96] деген өлеңінде:

*Торыны таңға байлап мінген қандай,
Үкілеп әсемдетіп жүрген қандай.
Тұсынан қызды ауылдың ән шырқатып,
Сыбанып ақ білекті түрген қандай.
Күнінде уағда еткен қалқажанның
Жетуге ынтызар боп желген қандай.
Ауылы қыз қалқаның қайда екен деп,
Жүгіріп сайлау жермен келген қандай.
Атыңды бір тасаға байлап тастап,
Тұсына ақ боз үйдің төнген қандай.
Сөз салып қалқажанға жеңгесінен,*

*Құрбыңмен сыпайы ойнап, күлген қандай.
Ишарат әзілменен сөз қатысып,
Қыз сырын жеңгесінен білген қаңдай.
Алаңдай, алабұртып тұрғаныңда,
Алдыңнан қарсы шықса ақша маңдай.
«Құрбыжан, ебін тауып келдің бе», — деп,
Ақсиып күрек тісің, күлген қандай.
Қалқажан күле қарап, «жүр» дегенде,
Ақ үйге есік ашып енген қандай! —*

деп жастық шақтың сиқырлы сырын жырға қосады ән падишасы Ақан.

«Жастық шақтар» [3; 110], «Кәрілік» [3; 111], «Заманға қарап» [3; 111] атты өлеңдерін шығарады. Адамның балалық дәуірінен бастап, жігіттік кезі, одан кейін қартайған шағы туралы толғанады. Өзіндік сөз айшықтары арқылы адамның өсу жолын бейнелейді.

Сонымен, Ақан сері жырларында сұлулар мен абзал азаматтар сипаты осылайша жан-жақты ашылады. Ақынның кейбір шығармаларында өз бойындағы басқа замандастарынан артық қасиеттері әр тұста жарқ етіп көрініп, асқан өнер иесі, ақ жарқын, адал жар ретінде, үлгілі бейне болып жырланады. «Арқаның ақиығы Ақан сері», «Үш жүзге атым мәлім Ақан сері», «Оралдың мен ақиығы қырандағы», «Мен бұлбұлмын сайрап тұрған Иран бағы», «Біз сұңқар, сізге тиген ұрымдағы», Біз қанжар алтындаған қыныңдағы», «Аспанда біз ақ бүркіт қағып кеткен», «Болғанда сіз — бақ иран, біз — сандуғаш», «Аспанда біз ақ сұңқар қырандағы», т. б. өлең-әндерінде Ақанның өз бейнесі ерекше көзге түседі [4; 773].

Кейбір айтыс, тіл қақтығыстарында да өзіне арналған жолдар бар.

Ақан сері әншілік-композиторлық өнерімен танылған дарын иесі ретінде

Ақан сері Қорамсаұлы — өмір шындығын үлкен суреткерлікпен жырлаған заманының асқақ ақыны ғана емес, мұңшыл да сыршыл, лирикалық тебіреністі сазымен, әншілік-орындаушылық өнерімен танылған өзгеше дарын иесі. Оның композиторлығы ақындығынан кем түспейді. Кезінде жұртшылыққа кең танылуы, атақ-даңқының шартарапқа жетуі — әншілік-композиторлық өнерінің жемісі.

Ақиық ақын Көкшенің сұлу табиғатына көз тігіп, оны албырт сезімді, әсерлі музыка үніне бөлейді. Осы әншілік өнерде Ақан сері жалғыз болмайды. Айналасына әнші-күйші жастарды жинап, өзгеше бір өнерлі топ болып ел аралайды. Ақын, әнші, серілердің бәрімен достасады. Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иманжүсіп, Құлтума сияқты атақты ақын-әншілер Ақанның ең жақын достары болған. Олардың бәрі Серінің әншілік өнеріне игі әсер еткен, композиторлық талантын жетілдіріп, шеберлік, суреткерлік талғамын шыңдай түскен. Ол қазақтың ұлттық өнерін профессионалдық биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Қазақ мәдениетінің алтын қорына Ақан серінің елуге жуық музыкалық-поэтикалық мұрасы енді [5; 168].

Қорыта айтқанда, ақынның шығармаларының басым бөлігін қамтитын кеңінен танымал көңіл-күй және махаббат лирикаларында ғажайып табиғат суреттері мен нәзік мұң, өмір қиыншылықтары туралы трагедиялық пайымдаулар шынайы да шымыр қатар өріліп жатады. Оның стиліндегі жоғары жетістік — кең тыныстылық, ән иірімдерінің нәзіктігі, әуен әсемдігі, интонациялық суреттерінің молдығы, сазының биік те асқақ ырғақтары мен қайырымдарының ұзақтығы.

Ақынның әндерінде шынайы махаббат рухының ту етіп көтерілуі

Ақан сері — ең алдымен адам сұлулығына ғашық суреткер. Оның «Мақпал», «Балқадия», «Сырымбет», «Майда қоңыр» т.б. әндері әйел жанының сұлулығын жарқырата көрсетуімен бірге, махаббат құдіретін асқақтата суреттеуімен де құнды. Кеңінен танымал бұл әндер шынайы махаббат рухын ту етіп көтереді.

Ақанның бірінші әйелінен туған жалғыз ұлы Ыбан (Ыбырайым) тілсіз, мылқау болған. Оған ақын жазу-сызу үйреткен.

Бәтима өлген соң, аз күн отасқан әйелі Тінәлі қызы Ұрқияға Ақан сері «Ұрқияжан» деген өлеңін [6; 121] арнаған:

Ұрқия, шашың — жібек, қанжар — қасың,
Көрінер тамағыңнан ішкен асың.
Жаманға сені қор ғып қия алмаспын,
Тірлікте, аман болса газиз басым.
Күмістей он саусағың тартқан

сымға,

Құрайын тұзағымды тартып жымға,
Құрысын Ақан атым жете алмасам,
Қор қылсам қапияда сені сұмға.

Айырар асыл зада жігіт парқын,
Жүрекке жара салдың, қалқам,
алтын.
Махаббат екеуімізде қайнаған су,
Ішімді жандырады, сыртым салқын.

Ұрқия сұлу келбетін бейнелеудегі ақын қолданыстары айшықты. «Ұрқияға айтқан аужары» деген тамаша толғауында [3; 102–103] ол:

Аққу кетіп, Қоскөлдің қазы қалды, жар-жар-ай,
Қысы кетіп мешіннің, жазы қалды, жар-жар-ай.
Біраз назым тотыға айтпай болмас,
Көбі кетіп дәуреннің, азы қалды, жар-жар-ай.
Түйін болып көңіліме кетеді ғой, жар-жар-ай,
Бір айтатын серінің назы қалды, жар-жар-ай.

Кеше туған жас қызды шалдар алды, жар-жар-ай,
Толғанатын оларда несі қалды, жар-жар-ай.
Ғашықтықтың қисабы асып еді,
Ескеретін қалқаның несі қалды, жар-жар-ай.

Ақ қағаздың бетіне тарттым сия, жар-жар-ай,
Жібересің сұлуды кімге қия, жар-жар-ай.
Мәликедей ақ жарқын жан едіңіз, жар-жар-ай,
Кеткенің бе алысқа сен, Ұрқия, жар-жар-ай?
Бұл жалғанда бөтенге кетпес деуші ем, жар-жар-ай,
Енді есен бол, қарағым, уа, дариға, жар-жар-ай.

Оратылған жібектей қолаң шашың, жар-жар-ай,
Қандай сұлу қиылған екі қасың, жар-жар-ай.
Сұлу көркем ләззат пен бәрі бірдей,
Бағаланар қай затқа сенің басың, жар-жар-ай.

Ақ көйлектің жағасын ырға тартқан, жар-жар-ай,
Машинамен қандай қып шырға тартқан, жар-жар-ай,
Көп қыздардың ішінде тоты дана, жар-жар-ай,
Қия жүзі асылдың хорға тартқан, жар-жар-ай,
Қарақат көз, ақ маңдай, сүйген сәулем,

*Нәзік белиң секілді сымға тартқан, жар-жар-ай,
Көлбеңдеп дәл алдымнан өткенің бе,
Жүйрік аттай бағалы сыйға тартқан, жар-жар-ай,
Бар назымды жеткіздім бір өзіңе, жар-жар-ай,
Жазылғанын білесің қандай хаттан, жар-жар-ай, —*

дей келіп, Ұрқияны «Көп қыздардың ішінде тоты дана» деп басқаша бейнелейді.

Ұрқия өлгеннен былай Ақанның жаны қасыретке орала бастайды. Жараланған жүрек жазылу үшін тағы махаббат іздейді.

Ақан серінің тірідей айырылған сүйген қызы — Ақтоқты. Бұл арты аңызға айналған оқиға. Ақтоқты есімі ақынның шығармаларынан кең орын алды. «Ақ көйлек», «Алтыбасар», «Ғашық жарға», «Тағрипың», «Ж-ға» — Ақтоқтыға арналған махаббат толғаулары.

Ақан қалай да Ақтоқтыны алмақ болды. Ақтоқтының беріліп отырған күйеуі ақсақ екен. Қыздың көңілін күйеуден қайтару үшін Сері сықақ қылып улы өлеңдер шығарады:

*Бәрекелді, Ақтоқты, тапқаныңа,
Жібектен шоқ шекеңе таққаныңа.
Бұдан артық Құдайдан не тілейсің,
Шолақ қасқыр түсіпті қақпаныңа...» —*

деп мысқыл қылады ақын [7; 196, 197].

Ақанның Ақтоқтының атынан шығарған қайғы-мұңға толы «Ақтоқты», «Ақтоқтының аужары», «Ақтоқтының зары» атты әндері де оның Ақтоқтыға деген шексіз махаббатын білдіреді.

*Қорқамын шымылдықтың құруынан,
Бір жаман қолын салып тұруынан.
Дүниеде қыздан сорлы жан бар ма екен,
Айрылып кете барар руынан?!
Ахау, ахау, арман,
Айхай, жалған дүние-ай!!! —*

деп келетін «Ақтоқтының аужары» атты әні [6; 109] сол замандағы қазақ қыздарының басындағы ауыр тағдырын бейнелейді.

Ақырында Ақтоқты берілген күйеуіне барады. Ақанның жүрегінде махаббат та, ашу да күшейеді:

*Ақтоқты, кеткенің бе шыныңменен,
Тар жерде бал берушең тіліңменен.
Кез болдық дарияның қайраңына,
Зарланып ән шырқаймын үнімменен.*

*Алдында есігіңнің балдырған жоқ,
Көңілді сұлу қыздар қалдырған жоқ.
Түсімде ұйықтасам да жанымдасың,
Ояна тұра келсем, дәнеме жоқ, —*

деп («Ақтоқты» әні [6; 108,109]) ашулы зар шығарады Ақан сері.

Ақан өмірінде қанша әйел кездескенімен де дәл Ақтоқты оқиғасындай шиеленісті, шытырман болмаған секілді. Бұл Ақанның Ақтоқтыға деген махаббатының биіктігін, беріктігін танытады [8].

Өзінің туындыларында Ақтоқтыны «Қыпша бел, бәйгі кердің жарауындай» дей келіп, «Барлық қыздың туындай асыл еркем», «Тартылған телеграмма сымындай қылып» деп оны ерекше мүсіндейді. Ақтоқтыны жан-жақты суреттей келіп, ол:

*Оралдың ақ иығы аңға тартқан,
Шолпанның жұлдызындай таңға тартқан.
Жамбы мен алтын балдақ жарқыраған,
Секілді Үргеніште ханға тартқан, —*

деп нәзік сұлудан биік тұлға шығарады. Аңға түсер ақиық сұңқарға, таңғы шолпанға ұқсатады. Ал сұлу жүзін әмірі күшті ханға ғана сый-таралғы болар жарқыраған жамбыға, асыл алтын балдаққа балайды.

Не деген төгілген өрнек, құйылған әсем сөз? Ақынның сұлуға деген жүрегі қандай бай?! Ақан сері қолданған поэтикалық тілдердің байлығы, жаңалығы, жарқындығы таңдануға да, арнайы сөз етуге де тұрарлық [4; 790].

Құс салып, ит жүгіртіп, атын бәйгеге қосып, көңілін көтеріп жүргенде Ақан Жүсіп төренің үйінде оның Жамал атты сұлу қызына көзі түседі. Екеуі біраз сырласып, көңіл қоспақ болады. Ақын «Жамал қыз» атты әнін [6; 112] шығарады:

*Қыздарды мен қайтейін қылаң-сылаң,
Қалайша ғашық отқа сабыр қылам.
Бірге өскен кішкенедең қимас сәулем,
Басы «жем», ортасы «мем», аяғы «ләм».*

*Жамалжан, етің аппақ мақтадайсың,
Әр уақыт мені есіңе сақтағайсың.
Тұсынан ауылыңның ән саламын,
Сол кезде шырт ұйқыда жатпағайсың.*

Өкінішке орай, ескі қазақ салты бойынша бұрыннан айттырылып, қалың малы төленіп қойған қыз әке-шешесінің ықтиярын аттай алмайды. Тойы болып, ұзатылғалы жатқан қыздың ауылы сыртынан Ақан түн ортасында атақты «Сырымбет» әнін шырқайды [6; 118, 119]:

*Ауылым қонған Сырымбет саласына,
Болдым ғашық ақ сұңқар баласына.
Бидайыққа лайық қарағым-ай,
Бөктергіге қор болып барасың ба?*

*Ауылым қонған Сырымбет жел жағына,
Артық туған бала едің ел бағына.
Бидайыққа лайық дейтін сәулем,
Бөктергінің іліндің тырнағына.*

*Алтын қайық жарасар күймесімен,
Наздана алмас сұлу қыз сүймесімен.
Қоскөл жаққа таныса киіп барған,
Бешпетіңді беріп кет түймесімен, —*

деп, Жамалдың күйеуінің жаман, жасық екенін, амалы жоқ малға сатылып кете барғанын, өзінің бұдан басқа жасайтын қайраны жоқ болғансын, өлеңнің, музыканың тілімен ішіндегі шерін сыртына шығарады. «Сырымбет» әнін білмейтін кісі аз. «Қарындас-ау, енді есен бол», — деп аяқталатын бұл ән талай әншілердің орындауында тыңдаушылардың жүрегін қозғап, сезімін оятқан.

Ақанның көпке белгілі шұрайлы шығармасының бірі — «Мақпал әні» [6; 115]:

*Үйірі қысырақтың мақпал қара,
Шашыңды күндіз жу да, түнде тара.
Алыстан ат аямай келгенімде,
Ей, Мақпал, қырындамай бермен қара!*

*Үш жүзге атым мәлім Ақан сері,
Келгенім Мақпал қыздың туған жері.
Алыстан ат сабылтып келдім іздеп,
Бір көріп қайтайын деп, Мақпал, сені.*

*Біз қайтып елге таман бастық қадам,
Сымбатың хатқа сыймас айтсам тәмам.
Ей, қалқам, мұнша неге зарланасың,
Елге алып қайтпас па едім келсе шамам.*

*Біраз күн Дәнетінге салдым салық,
Артымда зарланамын Мақпал қалып.
Қосылған ғашық болып қайран құрбым,
Қасіретің өзегімді кетті жарып! —*

деген сөздеріне қарағанда, мұнда да баяғы әңгіме: бірін-бірі жақсы көрген қыз бен жігіттің заман заңы бойынша қосыла алмауы.

«Мақпал» — терең сырлы, ішінде мұң да, үрей де, арман да, өкініш те бар ән. Ақынның бұл туындысының қандай жағдайда шығуы жайлы анық дерек жоқ. Осы ән туралы І.Жақанов былай толғанады: «Ақан сері социалистік идеология қаһарына ә дегеннен ұшырады ғой. Сол себептен «Шәмшіқамары», «Маңмаңгері», «Кербез сұлуы», «Мақпалы», «Көкшетауы» Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтарға телінді. Ежелден Ақан серінікі деп шырқалған бір ғана «Мақпалдың» өзін дәлелдеп жатудың өзі қандай қиямет...» [9].

Өмірінің соңғы жылдарында Ақан сері ел аралауды сиретіп, бойын бағуды ойлайды. Жайлауға көшпей, Ыбан екеуі қыстауда қалады. Дұшпандары оны әр саққа жүгіртіп, өсек таратады. Бірақ ақын өмірден де, өнерден де қол үзбейді. Осы тұстағы ән-өлеңдерінің елеулісі — «Балқадидиша» [6; 111]:

*Қызы едің Ыбыкеңнің Балқадидиша,
Бұралған белің нәзік тал, Қадидиша.
Жиылған осы тойға қалың қыздың,
Ішінде қара басың — хан, Қадидиша.*

*Дегенде, Балқадидиша, Балқадидиша,
Боларсың біздің сөзге зар, Қадидиша.
Бұлаңдап асау тайдай жүрген басың.
Боларсың қандай жанға жар, Қадидиша.*

*Қызы едің Ыбырайдың Балқадидиша
Өзенді өрлей біткен тал, Қадидиша,
Бір түгіл екі жеңгең келіп отыр,
Рұқсат бізден сізге бар, Қадидиша.*

Ақынның бұл шығармасы — өз теңіне атастырылған әдепті, сыпайы қыздың өнерлі ағаны қадір тұтқан сүйкімді қылығына разы ағалық қарыздар көңілден туған ән.

«Балқадиша» әнінің тарихын зерттеу барысында Балқадишаның ұрпақтарынан сыр тартқан жазушы І.Жақанов Балқадишаның қызы Нағиманың айтқан сөзін былайша жазады: «Анамыз бен әкеміз жарастықты ғұмыр кешті. «Балқадиша» әнін ел жыр ғып жатқанда екеуі қызыға тыңдайтын-ды. Мен еркелеу боп өстім бе, анамнан әр кез Ақан серіні сұрай беретінмін. Сонда анам: «Е, балам-ай, Ақан серідей адамның сыртынан кім сүймейді» деп қана күлетін. Сол күлкісінде қанша ләззат бар еді. «Балқадиша» әнін ыңылдап айтқанда адамды өзгеше бір қиял дүниесіне алып кететін..., — деді» [10].

Құлагер қайғысынан біраз уақыт өткеннен кейін, шығармашылық шабытқа қайтадан оралған Ақан сері махаббат мәселесін музыкада тағы көтереді. Жасы елуден асқан шағында, ақын бірде үш сұлу қызды көріп, оларды былай мадақтайды [6; 122]:

*Біз бұлбұл қызыл гүлге тартқан сада,
Наркес көз, қалам қасты лағыл бала.
Иранның Құсни-зия тотысындай,
Гауһардан шыққан нәсіл тудың зада.*

*Топ көрсе қырындайтын біз бір тұлпар,
Бұлбұл құс қызыл гүлге болып іңкәр.
Қадша, Ғалия мен Нұркүләндам,
Сіздерді неге ұмытсын көрген сұңқар.*

Ақанның бұл әні халық аузында «Үш тоты құс» атанып кетеді.

Қорыта келе айтарымыз, Ақан сері — махаббаттың мәңгілігін, оған қарсы еш нәрсенің бөгет бола алмайтынын бар даусымен жар сала ұрандап өткен өлмес, өшпес Серінің өзі.

Құлагер — Ақан серінің атағы әйгілі, жүйріктігі жыр болған тұлпары

Кезінде Ақанның жас та болса жан-жақты дарын иесі екенін таныған алыс ағайындары оған жүйрік тай сыйлайды. Осы тайды «Құлагер» деп атаған Қызылжар қаласы мен Омбы қаласының арасындағы Үлкен Қарой деген көлдің жағасын мекен еткен атақты Зілғара шешеннің баласы Әлібек екен.

Ол туралы М.Мұқатов «Құлагер» атының шығуы» деген мақаласында [11] мынадай қызық мәліметтер келтірген: «...Әлібектің күтуші адамдары: «Сыртта басында үкісі, үстінде салтанатты киімі, қолында үкілі домбырасы, астында кара бедеу аты бар, бір құла ат және жетегінде үш-төрт саяқ ерткен екі адам түсуге рұқсат сұрап тұр», — деп хабарлайды. Әлібек паң адам болу керек, бірсыпыра ойланып отырып, дәуде болса Атығай-Қарауылдың Ақан серісіне ұқсайды, қонақ үйге түсіріп ас беріндер, маған ертең жолықтырыңдар деп, қонақ үйіне түсіреді. Астан кейін Ақан сері ән шырқап, әні мен өлеңі Әлібектің құлағына жаққан болу керек, Ақанды өзі отырған үйге алдырады. Өлең-ән айттырып, артынан бұйымтайын сұрайды.

Ақан сері жүйрік атым бар еді, елдегі бәйгеге қосып жүрмін, үш жүздің асына қосам ба деген оймен сізге келген едім дегенде, Әлібек тұрып, менде де жүйріктер бар. Әкем Зілғара жылқысының санын білу үшін, Үлкен Қаройдың ортасында өткелді арал бар екен, соған бүкіл жылқыны қамап, қайтар өткелде санағанда, жылқысының саны отыз екі мың бопты, одан кейін санағымыз жоқ. Олай болса, аттың терін алдырайық деп, бір жетіден кейін қырық шақырымнан Құлагермен он бір ат жібергенде Ақанның Құлагері алдында бір шақырым бұрын келеді, енді бір жетіден кейін елу шақырымнан жібергенде екі шақырым алдында, енді бір жетіден кейін алпыс шақырымнан жібергенде үш шақырым алдында келеді.

Әлібек: «Ақан сері, атың шын жүйрік екен. Астың бәйгесіне Әлібектің аты боп қосылсын, егер атың озып келсе, үш жүзге атыңның атын шығарайын», — дегенде, Ақан сері: «Маған одан артық ештеңенің керегі жоқ», — деп уәделескен екен. Келесі жылдың жазында Әлібекке еріп Жағалбайлы еліне барады.

Бәйгеге үш жүз төрт ат тіркеліп, Әлібек апарған жеті аттың үшеуі тізімге ілігіпті. Әлібек Омбы губернаторынан жүз солдат алдырып, бәйгеге қосылған аттарға жолда жамандық істемесін деп, ат шабатын жолға екі шақырымға бір солдаттан қойғызған екен. Әлібек өзі орысша сөйлей білетін сауатты адам болыпты. Бәйгеден Құлагер алдында келеді. Әлібектің өзге қосқан екі атының біреуі

мүше тістеп келін бәйгеге ілігеді. Екі аттың бәйгесі 75 жылқы болады. Сонымен Әлібектің дәрежесі көтеріледі.

...Әлібек ас басқарып жүрген ақсақалға: «Мына той жалпақ елдің игі жақсыларының бас қосқан жері екен. Сізден сұрайтыным, ертең ана төбенің басына асқа келген адамдар түгел жиналсын. Мен бір парасатты адамға берген «Антым» бар еді, соны халыққа естіртейін», — дейді.

Сол уәдемен ертеңінде төбенің басына халық жиналады. Түйенің үстіне шатыр орнатып соның астында тұрған Әлібек: «Мынау Ақан сері жетектеген құла ат кешегі бәйгеден озып келді. Бұл ат — серінің меншікті аты. Серіге берген сертім: атың жүйрік екен, бәйгеге менің атым боп қосылсын. Егерде атың озып келсе, үш жүздің жиналған жақсыларының алдында ат иесі Ақан сері еді деп айтпақ едім. Ат озып келді, антымды жұтпай орындадым, куәгер сіздер, бұрын құла ат болса, енді Ақан серінің «Құлагері» болсын, — деп сөзін аяқтаған екен».

Тай кезінен баптап-күтіп, жаратқан Құлагер ат бәйгесінің алдын бермейтін жүйрік болып шығады. Атығай, Қарауыл деп аталатын Арқадағы қалың ел ішінде қандай жарыс болса да, Құлагердің шаңына ілесетін қылқұйрықты табылмайды. Құлагердің даңқы Ақанның әншілік атағымен қоса шығады. Аққошқар Сайдалы деген кісінің бес болысқа сауын айтқан асында Құлагер үш жүз аттың алдында қара үзіп келеді [12].

Бірақ осы аста бір көңілсіз әңгіме болып қалады. Құлагердің артынан Баракбай дегеннің Кетеберкөк деген аты келе жатады. Белгі алуға шыққан Баракбай құлдырап келе жатқан Құлагердің шылауынан ұстаңқырап қалса керек, мұны көріп тұрған Ақанның Баракбайға тілі тиеді. Осы уақиғадан Баракбайдың ішінде Ақанға қарсы кек қалады [7; 196].

Ереймен жақта Керей руынан шыққан Сағынайдың асына арнайы шақырылғанда, күндеушілері көп Ақан барғысы келмеген деседі. Бірақ ауыл-елдің беделді адамдары кеу-кеулеп, Ақан сері Құлагер арқылы тағы бір абырой алмақ болады. Осы уақиғаны С.Жүнісов өзінің белгілі романында былай суреттейді: «Кейінгі жылдары қайғыдан қайғыға ұшырап, Ұрқияның қазасынан соң, туыстарының ішінде ала-бөтен ақынның өзіне тартып жаңа ержете бастаған ең сүйікті інісі, әнші Әйберген аттан құлап өлгелі Сері әбден қажып, жиі-жиі төсек тартып, шерменде боп жатып алатын күйге ұшыраған. Оның үстіне, ел арасындағы «кие соқты, ант атты» деген қожя, моллалардың сөзі шынға айналғандай болып, Ақан көпке топырақ шаша алмай, іштен тынатын еді. Ең жақын серігі — әнін ел арасында еркін шырқап айта алмай, дәтке қуат санаған жалғыз Құлагерін ұлы бәйгеге қосып қызығын көре алмай, үйде тобан аяқ боп отырып қалды. Осыны сезген ет жақын досжар жандар Сағынай асына алыстан барып, бір серпіліп қайтуын мақұл көрген. Оның үстіне, алыстан Біржаннан, Мәшһүр Жүсіптен арнайы хабар келген. Біржан: «Мен болсам, кейінгі кезде ауру-сырқаулы болып, үйден шыға алмайтын халге ұшырадым. Тегі, осы жиынға да бара алмаспын. Ақын — елдің ақыны, оған қарауыл, керей деп екі араны бөлер деңгей жоқ. Халықтың шөлін қандырып, бас қосқан жиынның көркі болу, жаңа ән, жаңа сәнмен күйге қосу — ақын парызы. Ақан барса екен, тым құрмаса екі ел арасындағы қараңғы араздыққа аз да болса шырақтай» деп сәлем айтып жіберіпті. Мәшһүр Жүсіп те хат жолдап, аяғында былай депті: «Ақан, сенің бұлай қан жұтып, қайғы арқалап жатып алуың атыңа лайық емес. Сен қайғырсаң да, ел қайғырмасын. Қалың ел сені де, әніңді де жоқтап отыр. Жоқтатпа қауымыңды. Серпіл, жаным». Кіші жүз Мөңке би: «Ер қайғысын сұлудың құшағы, тұлпардың тұяғы, сұңқардың қияғы алады» деген екен. Ендеше үйде жатып басылу ел еріне жараспайды. Көтер еңсеңді. Қосыл жұртына. Сал думанды. Сағынай асында амандықпен көрісейік...».

Ақан енді ештемеге алаңдап тоқтар емес. Атын әдейі баптап, алыс сапарға жүргелі жатыр» [13].

Сонымен Ақан сері Сағынайдың асына Құлагерді қосады. Ол кезде бүгінгідей айналып шабу жоқ, аттар ұзаққа жіберіледі. 313 аттың алдында Құлагер жұлдыздай ағып келе жатқанда, анау Сайдалы асында ішінде қан қатқан Баракбай қамыс ішінде жасырынып тұрып, Құлагерді шокпармен ұрып өлтіреді.

Соңғы жұбанышы, қызығы болып жүрген сәйгүлігінің бұл өлімі онсыз да қам көңіл Ақанды зар еңіретеді. Ол айтқан «Құлагер» әні [14; 329–332] осы күнге дейін тыңдаған адамның сай-сүйегін сырқыратады:

*Жел соқса қамыс басы майда деймін,
Атыңды, ат айдаушы, айда деймін.
Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды,
Жығылмаса, Құлагер қайда деймін?!*

Түбінен дәйекшенің тұрдым тосып,
Алушы едім бәйгеңді талай қосып.
Отыз ат уәделі өтіп кетті,
Сол жерде тұра алмадым денем шошып.
Міңдім де Саралама тұра шаптым,
Бәйгі алам деп бұл істен залал таптым.
Намазшам, намаздыгер арасында
Баланы жылап жатқан әрең таптым.
Құлагер, айналайын шабысыңнан,
Атағың елге шыққан дабысыңнан.
Біліп ем өлеріңді, Құлагерім,
Шыңғырған түсімдегі дауысыңнан.

Құлагер, шешең сұңқар, әкең тұлпар,
Соғып ең дөненіңде сегіз арқар.
Сен өлсең, орның басар көк бесті бар,
Болады Құдай қосса о да тұлпар.

Құлагер, жаз жайладым, күз жайладым,
Тұсына қызды ауылдың көп байладым.
Өлді деп Құлагерді естігенде,
Бір тұрып, бір отырып ой ойладым.

Құлагер, құлыныңнан керім едің,
Нағашым сұрағанда беріп еді.
Жылқымды Жыланишыққа айдағанда,
Бір сыншы көзің шыққыр көріп еді.

Құлагер, топтан озған жүйрігім-ай,
Жарасар келте жібек құйрығың-ай.
Түбіне Ерейменнің айдап келіп,
Құдайдың қарай қойшы бұйрығын-ай.

Тұлпардың аунағаны туған жерің,
Биеден туа бермес сендей құлын.
Жүз қой мен он төрт құр ат, төрт тайтұяқ,
Бір жолда әперіп ең ердің құнын.

Шыныңмен өлгенің бе, Құлагерім,
Салбырап саптаяқтай төменгі ернің.
Баспа-бас қызға бермес жануарым,
Басылмас бір шырқамай менің шерім.

Құлагер, нұрың қандай, даңқың қандай,
Тұрушы ең тоғыз шелек суға қанбай.
Бәйгеге жүз шақырым айдағанда,
Жүруші ем ауыздықпен тоқтата алмай.

Құлагер, жерді жарған дабысың-ай,
Өлгенше бұзылмаған шабысың-ай.
Өлімің адамзатпен бірдей болып,
Кетті ғой қалың елге дабысың-ай.

Адамзат даңқыңды естіп қайран қалған,
Атағың Орта жүзге мағлұмданған.

Құлагер, мен қайтейін қайғыланбай,
Шырқатып пластенке әнге салған.
Құлагер, құланыңнан жайлатқаным,
Басыңа нөқта, жүген сайлатқаным.
Тартыншақ жаман әдет қыла ма деп,
Артыңнан бір балаға айдатқанмын.

Құлагер, айналайын, тұлпарым-ай,
Бір көрмей тұра алмаймын, сұңқарым-ай.
Даңқыңа бүкіл адам гашық болып,
Бір көрсек деп тұратын, іңкәрім-ай.

Қапыда өліп кеттің, жануарым,
Жібектей күлтеленген құйрық, жалың.
Өлді деп, жануарым, есіткенде,
Шықпады уақыт жетпей шыбын жаным.

Қарағым, айналайын, Үркеккерім,
Шықпаған қанша шапсаң ащы терің,
Бір сенің жолыңда боп жұрттың көзі,
Тілегіңді тілеуші еді жұрттың сенің.

Құлагер, саған келген бұл бір керім,
Үш жүзді сайран қылған Ақан серің.
Сібірден сегіз дуан қоймай озған,
Қой мойын, қоян жақты, сандал керім.

Күйдірдім отқа салып ашу тасты,
Не көрмек әлі де болса басым жас-ты.
Тұсында ешбір жүйрік ілесе алмаған,
Күйігі Құлагердің басылмас-ты.

Құлагер, сені өлгенше міне алмадым,
Өлгенше сайран етіп жүре алмадым.
Өлді деп Құлагерім естігенде,
Ой ойлап орнымнан тұра алмадым.

Бағаңа ділдә беріп алдым сатып,
Ойнатып қызығыңа жүрдім батып.
Бәйгеден жалғыз дара алда келіп,
Жүріп ем бар халықты таңырқатып.

Аузыңа қос ауыздық салып едім,
Сені алып ел шетіне барып едім.
Бір жолы бәйгесіне Құлагердің
Он жылқы, екі жамбы алып едім.

Қолымда ақ қағаз бен қалам, сия,
Кетуші ем сен барыңда елден қия.
Артыңнан тағы шығар бір аягөз,
Көзімнің шүкір қылдым жасын тья.

Менің атым сұрасаң Ақан серің,
Хазірет Ғали дүлдүлі тұлпар керім,

*Дүниеде оған жетер ат бар ма еді,
Өлді зой мен қайтейін, Құлагерім.*

*Ор болып қалушы еді шапқан жерің,
Шаттанып тұрушы еді қосқан елің.
Атығай, Қарауылға олжа салған,
Бота тірсек, қыл сағақ, сандал керім.*

*Құлагерді өлтіргендей алдым несін,
Әркімнің Тәңірім берген несібесін.
Қас қылған жануарым Құлагерге,
Жауызға, бар тілегім, өлім берсін.*

Бұл оқиғаны дауылпаз ақын Ілияс Жансүгіров «Құлагер» атты поэмасында [15] былай бейнелеген:

*Тұрғаны тығырықтау жердің шаты,
Ақ мылтық — астындағы ақбоз аты.
Ұрымтал жерден оқтай ұмтылғанда,
Бала да білмей қалып, болды қапы.*

*— А, құдай-ай!, бере көр! — деп ұмтылды,
Ұйтқып кеп соқты өкпеден жел сықылды.
Қыспақ жол, Жыландының жырасында
Қақтығып бір-біріне ат тығылды.*

*Сап етіп бердеңкедей кеп ұрынды,
— Бере бер, балам, бері шылбырыңды!
Жанасып Құлагерге қалғанында,
Сақ етіп айбалтасы Құланы ұрды...*

*Шапшып қан шекесінен шыр айналды,
Сылқ етіп Құлагер ат құлап қалды.
Білген жоқ не болғанын, ес қалған жоқ,
Тек бала жерге доптай домаланды.*

*Құлагер шапшытқанда көкке қанды,
Тек бала шыр-шыр етіп аттан салды.
Жоқ болды ақбоз атты, қара киім,
Тұйғынкөк шыға шауып кете барды.*

«Бай-бай, Құлагерім!..»

*Қорқырап Құлагер ат жатыр құлап,
Шүмектеп шекесінен қан бұрқырап.
Шіреніп төрт аяқты, танау қағып,
Ыңқылдап өліп барады ат қырқырап.*

*«Аттандап» өткен жанға қолын былғап,
Баласы Құлагердің жүр шырқырап.
Қалың шаң қаптай шапқан қара-құрық,
Балаға бұрылмайды ешкім бір-ақ.*

*Десеңдер қайда Ақандай қыран құсты,
Ол тастап аста тұрған жиылысты;*

*Болғанын бір сұмдықтың іші сезіп,
Қылаң ат қылт еткенде-ақ бермен ұшты.*

*Қөргенде ол мынадай сұмдық істі,
Үстіне Құлагердің құлап түсті.
Білмеді не болғанын айрылды естен,
Аймалап Құлагердің басын құшты.*

Иә, Ақан сері басындағы трагедиялық күй кез келген жүректі толқытады. Әсіресе «Құлагердегі» экспрессивті интонация, толқыған мұңлы әуен, драмаға суарылған қайғылы оқиға шынайылығымен баурайды. Ән ақын өмірінің трагедиялық сәтін бейнелеумен қатар, сол қоғамдағы өнер адамдарының тағдырын қамти отырып, өзі өмір сүрген қоғамның әділетсіз бет-бейнесін ашады.

Арнау өлеңдері Ақан мұрасында жанрлық түрдің бірі ретінде

Поэзия сырттай қарағанда біртұтас көрінгенімен, оның да жанрлық түрлері көп екенін байқаймыз. Мәселен, Ақан сері мұрасындағы жанрлық түрдің бірі — арнау өлеңдер.

Арнау түрінде жазылған өлеңдер әлем әдебиетінде, соның ішінде қазақ поэзиясында баршылық. Қазақ арнау өлеңдерінің бұлақ көзі тереңнен арна тартады. Зерттеушілердің айтуына қарағанда [16; 17], сонау VI–VIII ғасырлардағы Орхон ескерткіштерінде «Түркі халқы, тындандар!» деп басталатын арнау өлең бар екені белгілі.

Ақанның арнау өлеңдері не бірыңғай мақтаудан, не бірыңғай даттаудан тұрмайды. Көбіне адамдардың жақсы мінез-құлығына сүйініп, ризалық білдіреді.

Бірде Көкшетау еліне келін алуға ақмолалық құда-күйеулер «Әнші жоқ Қараөткелде менен асқан» деп шырқайтын Ғазиз әншіні ала келген екен. Той жасалып, ақындар, әншілер, қобызшы-домбырашылар жиналады. Сол үлкен тойға Көкшетау елі Ақанды алғызыпты.

Ойын-тойдың гүлі Ақан сері келіп жеткенде, Ғазиз «Құлагер» жырын күңіретіп қоя береді. Әннің бітер тұсында Ғазиз:

*Ай, Бөрібай,
Ай, Бөрібай.
Беу, Құлагерім-ай.
Қайран, серім-ай, —*

деген қайырма қосады [17].

Ғазиздің іші-бауырыңды елжіретіп, ішкі сарайыңды, санаңды баурап айтқан әнін естіген Ақан сері:

*Басасыз шаттандырып «Құлагерді»,
Басқан сайын ашасыз ішкі зарды.
Ақмола уезінің өнерпазы
Мадақтамай болмайды Ғазиз ерді.*

*Жігіттің дүрри жауһар дүрі екенсіз,
Дүние жаннатының гүлі екенсіз.
Нағашы атаң дұрыс айтқан бәрімізге
Әншінің барып тұрған сыры екенсіз, —*

деп бағалайды ән дүлдүлін.

Ғазиз ақын:

— Құлагерден де жүйрік бір ат тауып берсем, қайғыңыз сейілер ме еді? — деп тіл катады. Серінің сондағы айтқаны [18]:

*Биеден енді тумас ондай құлын,
Табылмас жинасаң да дүние-пұлың.
Шерімді іште жатқан қозғаған соң,
Әншейін айтқаным зой көңіл мұңын.*

Ғазиздің азаматтығын лайықты бағалап, жиын-тойдың гүлі, «жігіттің дүрри жауһар дүрі екенсіз» деп тегін айтпасы кәміл. Себебі халық әншісі, ақын, композитор Ғазиз Файзоллаұлы — өз дәуірінің саналы, санаулы саңлақтарымен қатарлас шыққан өнерпаз, сері. Өзінің төлтума әндерін он екі тілді гармонмен орындаған. Мұндай қасиет екінің біріне бұйыра бермейді. Сондықтан Ақан сері оған құрметпен қараған, өнеріне ден қойған:

*Дәм айдап Көкшетауға келіп қапсыз,
Жақсымен танысуға жыр екенсіз.
Елдегі ақын-әнші екеу болса,
Дәл соның қатарында бірі екенсіз.*

Бұл — Ақан секілді атақты өнер иесінің Ғазиз ақынға берген әділ бағасы [16; 17].

Ақанның арнау өлеңдерінің көлемі шағын болып келеді. Ол «Бименде болысқа» деген арнауында [19]:

*Әуелі сөзі бастайын бір Құдайдан,
Құдай егіз жаратқан —
Арғын, Найман.
Басқа жүзден Орта жүз дара шығып
Дүниеге өсіп-өніп қанат жайған.
Екінші сөз сөйлейін — Абылайдан
Хандықпен аты шыққан әрбір жайдан.
Ұранға атын қосқан Абылайдың,
Сөйлейін Төлекұлы Сандыбайдан.
Сандыбай шыққан еді асыл тектен,
Қарадан хан боп өткен ақсүйектен.
Қара қалмақ Тортайдың
басын кесіп,
Бақ алған он жетіде жекпе-жекпен.
Ерлігі үш алашқа мағлұм болып,
Ұранға аты шыққан сол себептен.
Атасы Сандыбайдың Тулақ-Төлек,
Ішінде Орта жүздің заты бөлек,
Жеті атадан келеді билік құрып,
Бәрін де келістіріп айту керек.
Жарасар не десем де асыл затқа,
Құдайдың қалауымен жеткен баққа,
Кез болдым Би-екеңе Атбасарда
Айтайын біраз мақтау аруаққа.
Бақ қонып, аруақ қалап,
Құдай сүйген,
Ту ұстап, тұлпар мініп, берен киген,
Кешегі Сандыбайдың Ерден батыры,
Қоқанның хандығына жалғыз тиген.
Сондай ер өтіп кетті жұртқа қорған,
Қаймықпай Сібір менен Орынбордан,
Айнабұлақ басында соғысқанда,
Қоқанды қорқыратып қойдай қырған... —*

деп, атақты Ерден Сандыбайұлының батырлығын ерекше бағалайды.

Ақан серінің арнау өлеңдерінен түрлі адамдардың мінез-машығын байқауға болады. Көп еңбектері кейбіреулердің теріс әрекет-қимылын ашуға арналған. Мұндай өлеңдер өткір сын, әжуа түрінде болып келеді.

Құлагері Сағынайдың асында опат болып, қатты қайғырып елге оралғанда Есіл бойының ірі байы, қабырғалы биі Қылышбай:

– Апырай, Ақанжан, бәйгеге ат апара жатқанда менен бата алып та кетпеген екенсің!? — деп өзеурегенде, Ақан:

– Дүлділі орға жығылып, зүлпіһары ұңғысынан омырылып, Ғазіреті Ғали қолға түскенде сізден бата алмай кеткен бе екен! — деп табанда тойтарып тастапты.

Ақан сері бірде бір үйге түссе төрде мұрнынан сорасы, аузынан сілекейі ағып, алжыңқырап қалған шал отыр екен, Қонаққа тартқан басы бұрын сойылып тұрып қалған болса керек. Сонда дәм қайырып бата берген Сері:

*Жиіркендірер жас берме,
Миы ашыған бас берме.
Күле кіріп, күңірене шығар
Ағайыннан қас берме, —*

депті. Сол сөзі іле елге тарап кетіпті [1; 107].

Ақан серіні дін иелері жек көрген. Олар қайтсе де ақын өнеріне тосқауыл, кедергі жасап отырған. Солардың бірі Атбасар уезінде молдалық құрған Смағұл деген екен.

Құлагерден айырылып, қасірет шеккен Ақанды мұқатпақ болып, Смағұл молда: «Сен жын-шайтанның жолына түсіп едің, ақыры осылай болдың», — деп табалап, өлеңмен ақынға мынадай хат жазады:

*Ғиззатлу, сәлем жаздым Ақан саған.
Ғақлаят жауап қайтар жазып маған.
Болса да аспан — қағаз, теңіз — сия,
Болмайды сөз аяғы түгел тәмам.
Өзіңді дариядай көтергенмен
Көрінді шұқанақ боп маған тамақ,
Бір кезде Қарауылдың серісі едің
Жоқтаумен жалғыз тайды кетті бағаң.*

*Хат жаздым қара сия қолыма алып,
Күллісі жиырма тоғыз екен әріп,
Қайыр хош, Ақан саған, жазған хатым
Сәләмәт бір кісіден келсін барып.
Үш жүздің үлгісімен деп айтасың
Ессіз, надан екенсің білдім анық,
Беліңді ескен жіппен буа салып,
Үстіңе киінгенің шекпен шарық.
Тібіліс есуасына жолдас болдың,
Оныңды недейді екен кітап, халық.
Алмайтын кітап тілін не жының бар.
Етіңіз енді оған ризалық.*

*Ылғи ойда жүресің адыры жоқ,
Сайды тәуір көресің бұдыры жоқ.
Ескі қыстау-мекенің, күн көрісің,
Ақаным, бұл мінездің кәдірі жоқ.*

*Баласы Қорамсаның Ақан сері,
Белгілі бір жақсының баласы еді.
Күйзелген қайғысы боп Құлагері,
Бұл күнде әурелеп жүр жынмен пері.*

*Ат емес, айғыр емес тай Қодыға,
Жылға емес, өзен емес сай Қодыға,
Рулы ел жиналса да жете алмаған,
Ішінде әкем менің Айқодыға.*

Ақан сері Құлагерінен айырылса да, ақындық шабытынан айырылған жоқ еді:

*Жақсының жолдас болдым данасына,
Үш жүздің сөзім жетті баласына.
Жылында мың тоғыз он екінші,
Сөз жаздым Атбасардың қаласына.
Молласы указный Қызылкөлдің.
Смағұл бай Қодыға баласына.
Өзін мақтау тірі өлім деген қайда,
Мақтаған өзін-өзі жараса ма.*

*Дүниеде Қарынбай да бай боп өткен,
Жер жұтып, о да біраз*

мехнат шеккен.

*Атандым мен жасымнан Ақан Сері,
Уәлаят жеті ықламға аты кеткен.
Атаңды айға ұқсатып мақтаймын деп,
Жүрмеңіз кәпір болып бұл реттен.*

*Бастысы әзәзілдің бұл Смағұл,
Түк жұқпас жұттан шыққан
қу Смағұл.*

*Ауызда гайбат айтқан тазалық жоқ,
Ауызың арам болды жу, Смағұл.*

*Өзіңше мені қыпсың «тағаң — Ақан»,
«Білмеген дәнеңені надан Ақан».
Бастасаң сен сөзіңді «бісмілладан»,
Сөз етсін ғылым жайын ағаң Ақан.*

*Өлеңді жас күніңнен жаттадың ба,
Басқа жан айтысуға таппадың ба?
Айтасың ұлы атаңның маған жәйін,
Айтуға өз әкеңді батпадың ба?
Әкеңді сен жазыпсың Ай Қодыға,
Ішінде рулы елдің бай Қодыға.
Қодыгадан қодық та туушы еді,
Шырағым, әкең сенің қай Қодыға? —*

деп Смағұл молдаға өлеңмен өлтіре жауап береді [20].

Ақан сері бір жиында қожя-молдалар арасына түсіп қалады. Олардың арасында Балуан Шолақ та бар екен. Балуан Шолақ домбыраны қолына алып, шертіп отырады. Шалқыған көңіл мен қалықтыған әнді, өмір туралы сөзді жақтырмаған молдалардың бірі Балуан Шолаққа: «Домбыраны таста, күнә болады. Одан да жұмаққа қалай баруға болатыны жайлы шариғат сөзін айтыңдар», — дейді. Ақан сонда Балуанның қолындағы домбыраны жұлып алып, қағып-қағып жібереді де, өлеңдете жөнеледі:

*Қожалар құр кеудесін көтереді,
Паңданып, маңғазданып жөтеледі.
О дүние бұ дүниеден жақсы болса,
Алдымен қожя-молда кетер еді,
Сен бе едің, көксеркесі төмен елдің,
Асықсаң ақретіңе жүре бергін,
Жайланып жұмағыңда жатпайсың ба,
Сандалып Көкшетауға неге келдің.
Қожалар күндіз жатып түнде өреді,*

*Ұрлықты түнде істеген кім көреді,
Талапты жігіттерім іс қылыңдар,
Дем салып қожжекемді үшкіріңдер.
Сүннетін пайғамбардың көп айтады,
Бас салып, өзін енді піштіріңдер, —*

дейді [21; 86].

Жігіттердің күлкісінен қатты қысылған қожа сыртқа ата жөнеледі.

Ақан сері ел аралап жүріп, Сағындық-Сүйіндік еліне келіп, Мейрам қажының үйіне түседі. Қажы алты баласының ортасында отыр екен. Қажының ен үлкен баласы Сейілбек Омбыда гимназияда оқиды екен. Үйге кіріп келген Ақан сері сәлем береді. Мейрам қажы орнынан ұшып тұрып, Ақанмен құшақтасып амандасады. Қажының баласы Сейілбек айғайлап, «неге» отырып амандаспайсың, Қарауылдың кара шалын әйелдерше құшақтағанша депті. Сонда Ақан сері тұрған қалпында былай деген екен:

Атандың Мейрам қажы *бала жастан,*
Атағың шығып кетті, *алты Алаштан.*
Өз басың артық туған *адам едің,*
Сағындық-Сүйіндікке *үлгі шапқан.*

Ақ сұңқар үйде болмай *түзде болып,*
Бір нәрсе балауызға *араласқан.*
Сәлемді не алмайды, *не бермейді,*
Алланың рахматынан *безіп қашқан.*

Бір келген жолаушыға *сыр білгізіп,*
Болмай ма, тәкаппардың *қасы дұшпан.*
Әкеге бала тартып *туу қайда,*
Туған ба балалардың *бәрі жолдан.*

Қажыға бармасам да *жаным таза,*
Ишпейді Ақан сері арам *астан.*
Қырқылып қызыл тілім *қалмаса егер,*
Айтарым Жанайдардан етіп *дастан.*

Өз ренішін ашық айтқан Ақан үйден шығып кетеді. Іле-шала Мейрам қажы да үйден шығып, оған «үйге кір ат-шапан айыбым бар» деп баласының қателігін мойындапты. Сонда Ақан ат үстінде тұрып:

*Қажеке, адам едің
асыл аға.
Атаққа дақ салады,
ақымақ бала.
Сіз бердіңіз жүз сомды
мен алмаймын.
Жүргем жоқ аймақтарға
айып сала, —*

деп жүріп кетіпті.

Шыңғыстың атқұмар баласы Жақып төре Ақан ауылына келгіштеп, Құлагерді сұрай беріпті. Ол мазалап болмаған соң Ақан сері: «Ақындықпен Орынбайдың даңқы шықты. Аға сұлтандықпен әкеңнің даңқы шықты. Жүйріктікпен Құлагердің даңқы шықты. Осы сөздерімді әкене барып сынатшы, содан кейін Құлагерді ала бер», — депті.

Қуанып кеткен Жақып әкесіне келіп Ақанның сөздерін жеткізеді. Сонда Шыңғыс төре: «Ой, ақымақ балам-ай! Ақанның Құлагері мал да болса, аға сұлтан әкеңмен пара-пар, ақын Орынбаймен пара-пар деген сөз емес пе? Біреу әкеңді сұраса берер ме едің?» — депті [21; 85].

Осыдан кейін Жақып төре Ақан ауылына жолауды қойыпты.

Бір күні Ақан сері жолаушылап жүріп, Нұрилла деген жеңгесінің үйіне қонады. Сонда Нұрилла жеңгесі серіні қызға жібермей, есікті тас бекітіп қояды. Содан Ақан [17; 96–97]:

*Нұрилла, мен қайтейін бөстегіңді,
Жалғанда ғашық болған төстегіңді.
Әншейін, көңілім ауып келіп едім,
Есікке дайындапсың кескегіңді.
Ойласам, ойдан, сірә, қалар емес
Кешегі қыздар қонған кештегіңді.*

*Таудағы ақ киіктің таңын қорғап,
Қыранның ілетұғын аңын қорғап.
Отырған қапастағы тоты құстың
Өміріне өң беретін қанын қорғап,
Ішіне құрт-майыңды салушы ма ең,
Бір келген жолаушының қабын қорғап, —*

деп, сайрап қоя береді.

Бірде Ақанның жолдасы: «Сері, мынау «Сарыала» мені ренжітіп тұр. Бұрын қасқырдың иісін сезіп аңсырайтын осы сұм, бүгін көкжалдың қарасын көре тұра бармады. Таңмын, таңмын, бұған не болды екен?» — деп таңырқанады. Сонда Ақан сері:

– Е, мынау саған арыз айтып тұр ғой, естімейсің бе? — дейді.
– Нендей?

*Бұрынғыдай денемде ет қалмады,
Мойында күш, аяқта еп қалмады.
Көженің қоюы да қалмаған соң
Қасқырға менде қарар бет қалмады, —*

деп тазының бабы жетіспей тұрғанын әзілмен жеткізген екен [21; 85, 86].

Ақанның Оспан деген досы Серінің науқастанып жатқанын естиді де, көңілін сұрамаққа әдейілеп жолға шығады. Оның қасына сол ауылдан Мұқаметжан деген кісі ереді. Кезінде оның Ақанға тіл тигізген қиянаты болса керек, кешірім сұрап қалайын деген мақсатпен шығады ол. Олар келсе Ақанның науқасы қатты, қасында екі шал күзетіп отыр екен. Бұларды көрген Сері қасындағыларға ымдап, «басымды көтер» деген белгі береді. Сонда Ақан бойына күш жиып: «Қалайсың, қыраным, асылым?» — деп отырған Оспанға бір, одан кейінірек тізе бүккен Мұқаметжанға бір қарап алады да, оларды иегімен нұсқап:

*Мынау келген Оспан ғой,
Оны Ақанға жасынан
Тағдыр дос қып қосқан ғой.
Әрқашан да ол маған
Ақ ниетін тосқан ғой.
Арғы отырған дұшпан ғой,
Оспан келе жатқан соң,
Қолтығына қысқан ғой, —*

дейді.

Мұқаметжан бұғып, шөккендей болып қалды. Сонда Ақан ентігіп отырып: «Тіл тигізген қиянатың бар еді, сонына кешірім сұрағалы келіп отырсың ғой, Мұқаметжан, кештім», — дейді де, жымып қана күледі. Мұндайда ол қарқылдап тұрып күледі екен, бірақ оған шамасы келмейті» [18; 180].

Ақан серінің «Сараң әйелдің еріне» деген өлеңінде [16; 19] әйел затының қонақ күте білмейтін сараңдығы сыналады. Бірақ арнау еріне қарата айтылған:

*Қуарыңқы тартыпты сақал-мұртың,
Жеңгейдің ұнатпадым ниет-құлқын.
Тұрмысың, тұрпатыңның бәрі жақсы,
Кім еді түсіндірші қайын-жұртың? —*

дейді.

Мұндай ниеті мен пиғылы төмен әйелді қайдан тапқансың дегендей ой танытады. «Кім еді түсіндірші қайын-жұртың» деп сараң әйелдің шыққан тегіне назар аударады. Қонақты дұрыс қарсы алмау әдепсіздік, көргенсіздік саналады. Жоғарыдағы өлең жолдары пейілі тар сараң әйелге де, оның еріне де берілген мінездеме деуге болады. Себебі, арыдан келе жатқан дәстүрлік әдепті бұзуға болмайды. Ақын ойын тағы жалғастырады:

*Бұл жеңгейді жақсылап бағу керек,
Шырағын жұрттан асыра жағу керек.
Мейманға сараңдығын қоймас болса,
Азуын алты қарыс қағу керек, —*

деп, бекер қағытып отырған жоқ. Қонаққа сараңдық көрсету ата-баба салтына қайшы келеді. Мұны әрбір адам білуге тиіс. Қонақты дұрыс қабылдамау халықтың жақсы қасиетін сыйламау болып табылады. «Халқымыз ежелден ақкөңіл, қонақжай, меймандос ел болған. Меймандостық бейбітшіліктің символы іспеттес. Көшпенді ата-бабаларымыз қашан да бейбітшілікті аңсаған. Өз бетімен ешкімге ұрынбаған [22].

Ақынның «Сараң мырзаға» атты арнауы да пейілі тар, қолы қатты адамға арналған [16; 19]. Бірде Ақан сапар шегіп, жолжөнекей Жақып төренің үйіне түседі. Жақып шықбермес Шығайбайдай сараң екен. Ол Ақан серіге көтерем тоқты сойып береді. Ас пісіп, алдына келгенде, көтерем тоқтының етін көрген ақын мына өлеңді сойылған тоқтының сөзі етіп суырып салған екен:

*Жаңа май жан денеме шашып едім.
Көк шыққан соң көзімді ашып едім.
Тамыз бен шілдеде сойылғанда,
Ауызға алмайтындай жасық едім.
Не бетіммен ілбиіп көрінем деп,*

*Меймандардан қорғалап қашып едім.
Жақып мырза бір қиял бастап алдың,
Үш жүз қойдан әдейі қастап алдың.
Қорғалап талдан талға қапсам дағы,
Босатпай жұлдыз туа ұстап алдың.*

Өзіне берілген қонақасыға разы болмаған ақын мырзаны әзіл-шынын араластыра шымбайына батыра шенейді. Осы үйге келгеніне өкініш білдіреді. Абзал ақын түйінді сөзін байға былай деп тікелей айтады:

*Жануардың енесі имеді ме?
Емшектен аузына сүт тимеді ме?
Қойшысы әлде мұны бақпады ма?*

*Иесі әлде сауып қақтады ма?
Ыңғайлы қонақ бұрын келмеген соң,
Мен келер деп әдейі сақтады ма?*

Сөзден жеңілген Жақып төре Серіге қайтадан семіз қой сояды. Сонымен Ақан сері Қорамсаұлының арнау өлеңдері көбіне белгілі бір адамдарға қарата айтылған сын-сықақ түрінде болып келеді. Ақын өз дәуіріндегі қоғамдық ортаның қыр-сырына үніліп, кейбір кереғар өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдырып отырған. Адам бойындағы кем-кетікті бетіне айту үшін сын-сықақты күрес құралына айналдырған. Халық мүддесін қорғап, әділдікті жақтаған. Қандай жағдайда да адам адамдық қалып-қасиетті сақтау керек деп тұжырымдаған.

Көңіл айту Ақан әндерінің бұрын-соңды терең зерттелмеген бір қыры

Әр халықтың өмір-тұрмысы, әдет-салтынан туындап жататын «Сүйінші», «Шілдехана», «Тойбастар», «Жар-жар», «Беташар», «Бесік жыры» сияқты халықтың шат-шадыманды қуанышты кездері мен «Қоштасу», «Естірту», «Жұбату», «Жоқтау», «Көңіл айту» тәрізді қайғылы мұңды хал-ахуалдарын күйтейтін жыр үлгілері болады.

«Өмір бар жерде өлім бар». Демек, басы бар нәрсенің аяғы да болмақ. Адам баласының ең қымбаты өмір болса, өмірден кету — ең ауыр сәт. Ақырғы сапар жолында адам қиын да жауапты, абыройлы кезеңді басынан кешпек. Бұл ақ өлімге, ер өліміне, топырақты өлімге соқтыруы тиіс. Өлімнің де абыройлы, абыройсызы болған, бар да. Сұраусыз өлім де болады. Ал қазақ халқы өлімнің де жөнелуін нысанада ұстаған. «Өлместі Кұдай жаратпайды, сынбасты, тозбасты ұста соқпайды», «Тумақ — хақ, өлмек — хақ» дейтін қазақ халқы өлімнен қорықпаған. Жасы келген қарт, сырқат адам, бой жазудағы азамат кейінгілермен арыздасып, бақұлдасады.

Адам дүниеден өтер жолында естірту, жылау, жұбату, тоқтау айту, қоштасу, көңіл айту, жоқтау, кейіннен еске алу, бата оқу рәсімдері болады. Кісі қайтқаннан кейін азалау күні (кей өңірлерде үші, жүзі өткізіледі), «жетісі», «қыркы», «жылы», «асы» өткізіледі. Марқұм отбасынан шалғайда немесе ұзақ жолда қайтыс болған болса қайғылы хабарды жанашыр адамдары туыстарына естіртеді.

«Естірту», «Көңіл айту», «Жұбатудың» көбінесе көпшілік болып жинала барып айтылатыны тұрмыста белгілі дәстүр. Сонда сөзді көпшілік ортасынан жасы үлкендерге бастатады. Немесе термелеп, пернелеп сөйлейтін ақын, жыршыларға, сөз білетіндерге жол береді. Сол қарияның, яки ақынның, айтқаны өзге көпшіліктің сөзі болып шығады [23].

Кісі дүние салғанда оны естірту, жоқтау, жұбату бәрі-бәрі белгілі бір әуенмен, әнмен айтылған. Оған көп мысал боларлық мұралар сақталған. Сол мысалдың бірі Шоқанның қазасына байланысты.

1865 жылы дарынды ғалым Шоқан Уәлиханов Алтынемелде Тезек төренің үйінде қайтыс болады. Сырымбеттегі егілген ел өз ортасынан Жаулыбай есімді көсем қартты, Тулақ, Қанқожалардай қобызшыларды, Ақан серідей гауһар сөзді әншіні шығарып, Шыңғыс төренің үйіне келеді. Қабағы түскен елдің мына түрінен секем алған сұңғыла ойлы Шыңғыс төре:

– Қанқожа, бір күй тартшы, — дейді дір-дір етіп.

Қанқожа қобызы ботасы өлген іңген боп боздайды.

– Жоқ, басқа бір күй тарт! — дейді Шыңғыс төре басын шайқап. Қанқожа қобызы енді жоқтау созған әйел боп үйілейді.

– Токта, Қанқожа! Қобызды сен ал, Тулақ! — деп Шыңғыс төре дегбірден айырылады.

Тулақтың қобызы ә дегеннен ішін тарта өксіп-өксіп қалғанда Шыңғыс төре іштей түйіліп, бар сұмдықты сезіп:

– Ә, дүние, Шоқанымнан айырылдым ба? — дейді дымы құрып, — соны естіртіп отырсың ғой, Жаулыбай!

Сол шақта Ақан сері көкіректі қарсы айырған азалы толғаумен:

«Шыңғыстың сүйер ұлы Шоқан еді, Империя, патша жұртын тамам көрді. Өнері жұрттан асқан жігіт еді, Құдайым сапар жолда қаза терді», — деп сарната жөнеліп, көңіл айтады.

Дін оқуына терең Ақан сері жалғанның пәнилігін, ғұмырдың қас-қағым сәт екендігін, пешенеге не жазылса соны көру, тағдырдың салуы, дәм-тұздың бітуі Алланың ісі, жазмыштан озмыш жоқ деп, тәуба сөзімен келтіреді. Сабырға шақырып, орны толмас қайғыға душар болған Шыңғыс төренің есін жиғызады [24; 176].

Сері ғұлама Шоқанды Көкшенің биігіне, теңіздегі кемеге теңейді. «40 темірдің қылауы қосқан өнерпаз» деп бағалайды [5; 168].

Аза тұтып отырған Шыңғыс төре бір жолы Ақан серіні шақыртып алып:

– Серім, менің халім мынау... Шүкір, тәуба дегізіп, әл бердің, Алла разы болсын саған. Менің Шоқаным қайтқалы бері қасымнан бір елі кетпеген Сәлімгерей де (заты — Жауар Қарауыл) жалғзынан айрылып, шерменде боп қалды ғой. Көп күн бопты, нәр сызбай, күйік тартып, о дүниені тілеп, жан баласына тіл қатпай, теріс қарап жатып алыпты. Мен тұрайын енді, серім. Мені Сәлімгерейге апар, көңіл айтайын. Менің сөзімді өзің айт, серім! — дейді.

Сонда Ақан сері мұңды, әм өткір мақаммен тірі өлік боп жатқан Сәлімгерейге былай деп көңіл айтады:

*Дейсіз бе, бұл дүниеде өлмеген бар,
Алланың құдіретіне көнбеген бар,
Аладан қаза, тағдыр келген шақта,
Ата-ана, туыстарын көрмеген бар.*

*Қазақта Шорман ұлы, аты Мұса,
Бір жігіт сондай болар бақыт қонса.
Омбының қаласында тағдыр жетті,
Не қиын бір Аллаға сондай қылса.*

*Қанжығалы Меңдекей Шәңке болған –
Ішінде Орта жүздің даңқы болған.
Қызылжар қаласында Төкеш қайтты,
Бұл дағы жақсылардың арты болған.*

*Шыңғыстың сүйген ұлы Шоқан еді,
Қазақтың ең бірінші ғалымы еді.
Үстінде ұзақ жолдың тағдыр жетті,
Жазуы бір Алланың солай еді.
Сөзімнің осы айтқан жалғаны жоқ,
Дүниеде өлмей, сірә, қаларың жоқ.
Басқа жастық, аузына сусын берген.
Үйінде қайтқан жанның арманы жоқ.*

*Қанаты бүтін сұңқар жоқ қайырылмаған,
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ майырылмаған.
Аладан қаза, тағдыр келген шақта,
Кімдерден кімдер жылап айырылмаған.*

*Ей, өлімнен үлкен жау бар ма,
Бұдан қалған сау бар ма,
Бұлсыз береді, құнсыз алады,
Аллаға айтар дау бар ма?!*

Жаны жаралы Сәлімгерей сартап боп сарғайған қалпы үндемей жата береді. Оның шері Ақан сері жүрегінен енді мүлде басқа бір зат күйін шығарып, ол «тәуба... шүкір» дегізуге жан сала әрекет қылады, удай ащы әуезбен:

Қуаныш ренішпен жұбай дейді,
Шаттығы бола бермес ұдай дейді.
Пәлеме риза, қазама сабыр қылмаса,
Бір Алла қаһарланып былай дейді:
«Қолыңа мылтық алып атишы дейді,
Болмаса қылыш алып шапшы дейді,
Менен басқа құдайды тапшы дейді...».
Олай болса құдайды атпақ қайда,
Қолыңа қылыш алып шаппақ қайда,
Жер, көктен шығып кетіп, кәпір болып,
Мұнан басқа құдайды таппақ қайда?!
Көтер,
Көтер басыңды! — деп жоқтайды.

«Иә, Алла! Иә, тәуба... шүкір... шүкір, жалғызымызды мен ғана емес, ел жоқтайды екен. Тәуба... Тәуба!» — деп Сәлімгерей байғұс Ақан серінің үкілі домбырасын сүйеді. Басын көтереді. Өзіне-өзі келеді...[24; 176, 177].

Ақан серінің көңіл айтудағы бай қиялы, соған орай әуенді түрлендіріп, сөз әсерін күшейте түсуі ағыл-тегіл импровизациясының шексіз мүмкіндігін танытады. Оны Ақан серінің Науан хазіретке көңіл айтуынан [25] байқауға болады:

Мен мұны жек көрмеймін
бір себептен,
Сүйікті жан өткен жоқ Мұхаммедтен.
Алланың өзі сүйген достысына,
Әбужәһил-Мүширек қастық еткен.
Екі жиһан шырағын қорлаймын деп,
Ақыры солар-дағы не боп кеткен?
Болар деп артқы жағы сол секілді,
Сүйініш қып қуанам Хазіреттен.
Жүз қабат Имам ағзамға
қамшы соғып,
Зынданға Мансұр патша хукім еткен.
Кемеден Жүніс пайғамбар
жығылғанда
Қырық күн балық қарынын
мекен еткен.
Ферғауын қанша әскермен қамағанда,
Мұсаға Ніл дариясы жол боп кеткен.
Намұрут Ибраһимді отқа атқанда,
От оған Гүлстан боп құрмет еткен.
Он екі жыл зынданда Жүсіп жатып,
Құданың құдіретіне шүкір еткен.
Сол Жүсіп ақырында қандай болды?
Мысырға патша болып хукім еткен.
Алты жыл Әубті құрт шаққанда,
«Нағм-үл габдү» атанып сабыр еткен.
Рәхима бір бұрымын нанға сатып,
Атпастай ақырында қалды дауға.
Ақырында Рәхима қандай болды,
«Сабыр түбі сары алтын» шыдағанға.
Хазірет қайғы боп тұр Атығайға,
Тимей тұр Қарауылдан ешбір пайда.
Адамын бұл заманның не қыласың,
«Дінге бұрып бермеген ықыласын».

*Атығай, Қарауыл мен Керей, Уақ,
Жоқтамай жатыр әлі ел ағасын.
Дүние жарық емес күн болмаса,
Қадір жоқ күнде өткен түн болмаса.
Әлібек пен Бекең мырза...
Солар-дағы болмады-ау тым болмаса.*

Кезінде Науан хазірет (1843–1916) Көкшетауда мешіт, медресе және оның жанынан балалар жататын арнайы орын (интернат) ашқан. Медреседе еңбек пен оқуды сол кездің өзінде ұштастыра жүргізеді, ауыл-ауылдан оқу үшін келген шәкірттер малдың жаз шөбін шапса, қыста оны күтіп өз күнкөрістерін өздері көреді. Мұнда діни оқумен қатар жаратылыстану сабақтары, шығыс әдебиеті және қазақ ақындары мен жырауларының еңбектері, математика, орыс тілі, тіпті ән-күй дәрістеріне дейін оқытылды. Оның шәкірттерінің ішінде Ақан сері мен белгілі дін және қоғам қайраткері Ш.Қосшығұлов та болды. Араб тілін өзбек Ингәм қари, орыс тілін қазақша судай білетін, социал-демократ Петр Гарлышев деген кісі оқытқан. Науан хазірет араб, парсы, орыс тілдерін жақсы меңгергендіктен, шәкірттерін шығыс пен батыстың ғұлама ғалымдарының, әдебиет, мәдениет салаларының еңбектеріне сусындатып отырған [26].

Көңіл айту — бұл Ақан сері әндерінің бұрын-сонды байқалмаған, зерттелмеген, әлі де мұқият ізденістерге меңзейтін бір қыры екендігін сездіретін қызықты құбылыс.

*Ақанның елдің қоныстан айырылуына наразылық
білдірген азаматтық лирикалары мен сықақ өлеңдері*

Ақан серінің жер-судан айырылуына наразылық білдірген азаматтық лирикалары мен сықақ өлеңдері өткірлігімен ерекшеленеді.

Қазақ баласының жасыл жібек жайлауларынан, шүйгінді қоныстарынан, сулы-нулы жерлерінен айрылып қалғанын Ақанның сезімтал жүрегі өткір де терең түсінеді. Ол отарлық езгіге қарсылық көрсетіп, өлеңдерімен қарғыс оғын жаудырады.

*Қоныс жоқ жан-жағыңнан тарылмаған,
Патша отыр, жұтамын деп, бір әбжылан.*

*Қазаққа айдап салды шенеунігін,
Соқамен қазақ жерін жырымдаған, —*

деп ашына сөйлейді.

Әсіресе ақынды ХХ ғасырдың басындағы Столыпіннің жер реформасы қатты ойландырады. Ол қазақ жерін орыс переселендерінен сақтап қалу үшін көп еңбек атқарған. Осы уақытта Ақан сері жайында мына дерекке назар аударуға болады: «1906 жылы көшіп келетін шаруаларға жер өлшеп кесіп беру үшін жоғарғы жақтан келген Еличев, Мельников деген екі инженерді Ақан ауылы Қараталға атпен алып бардым, біз Баялы байдың үйіне түстік, кешікпей Ақан да келді. Көркем, орта бойлы, қызыл шырайлы адам екен, басына құндыз бөрік киген, жібек шапанның сыртына жібек белбеу буынған. Ақан екі инженерге өзінің атамекен жерінен көшірмеуді, басқа жерге орналастыру керектігін айтты» [27].

Бұдан байқайтынымыз, қарт ақынның ата қонысының жайын ойлап тыныштық таппай жүргендігі. Осы жылдары сері ел ішінде патшаның сойылын соғып жүрген әкім-болыстарға сықақ өлеңдер көп жазады. Ақанның «Нұртазаға», «Шойырмаққа», «Шар таласы», «Парашыл оязной», «Шалабай болысқа», «Бір болысқа», т.б. өлеңдері қазақ арасындағы отаршылар орнатқан болыстық билікті сынауға арналады. Болыстардың отарлаушыларға қосыла қанауы, қараулық іс-әрекеттері, екіжүзділіктері, жалтақ мінездері, қулық-сұмдықтары таразыға тартылады. Онсыз да бірлігі бұзылып, тірлігі кеміп жатқан қазақ елінің берекесін кетіріп, лаң салып жатқандарынан толық мәлімет береді [4; 779].

*Көкшетау дуанында сайлау болды...
Шаймұрат, Шернияздай екі мырза
Жұртына би қой деген байлау болды...*

Немесе

*Шалабай, болыс болдың малды айдап,
Соғыстың досыңменен алақайлап.*

Столыпин ылаңы тұсында елдің жер-судан, қоныстан айрылуына наразылық білдіргенін ақынның азаматтық сарындағы әндерінен айқын байқаймыз. Ол туралы Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Н.Оразбек былайша жазады: «Мен Ақанның басқа өлең, толғауларын былай қойып, бір ғана патшалық Ресей отаршылдығы туралы бірнеше өлеңін «Патша өкіметі туралы» деген ортақ атаумен ұсынып отырмын. Ол өлеңдер Сәкен Сейфуллин құрастырған жинақтан алынды. Олар Ақан серінің 1935 жылдан кейінгі жинақтарына енгізілмеген. Тек Кәкімбек Салықов ағамыз құрастырып, 2008 жылы жарық көрген жинаққа ғана кірген» [28; 11]:

*... Патша алыс, жете алмаймыз Петерборға,
Және де сегіз санат алыс қия...
Мал өсірген халықпыз, егін екпей,
Аз жерге сия алмаймыз сызғандай-ақ.
Шеттен келген төрелер порым қылған,
Қазақ жайын білмейді жалғыз қарап.
Петербордан шапқатты санат келсе
Патшадан жарлық алып, құдай қалап,
Қазақ үшін қайғырып жылар еді,
Ол мейірбан ел болса, ұялмай-ақ.
«Қойдан қоңыр не қылған халық еді!..» деп,
Көз жасын, қайтар еді, тия алмай-ақ...*

*Барабар крестиянға тең болмадық,
Тартылып қай жараға ем болмадық?
Малымыз, жерімізден пайда тиіп,
Қалайша патшамызға дәм болмадық?
Орыс, ногай, сарт, сауан саудагерге
Қалайша малмен, жермен тең болмадық?..
Сексен бес жыл болыпты бодандыққа,
Кайырсыз патшамызға ел болмадық.
Құр мен қоян секілді алуға оңай,
Қай жұртқа аңқаулықпен жем болмадық?..
Қазақ малы азайса халқың азар,
Қалайша бай көпестер дүкен жасар?
Патшалық дүкендердің бірі кемір,
.....*

*Тасыған қазақ көзі бұлақтай боп,
Соятын крестиянға ылақтай боп.
Патшаның сүйікті ұлы келгеннен соң,
Шетке шығып қалдық қой брақтай боп...
Қор болып крестиянның табанында
Қалайша күн көреміз дәурен кешіп?
Темір айыр, ақ балта қолдарында,
Тілге келмей ұрады өңмеңдесіп.
Иштен келген тоңмойын, надан халық
Бұл жұртты ойран қылмай ма төбелесіп!
Осы күйде мағұлұм сұрасаңыз,
Талай жанның тастап жүр басын кесіп.
Қасиетті ата-баба зияратын,
Үстіне егін салды жайлап есіп,
Тірі түгіл өлінің көрін алып,
Былайша іс қылады ерегесіп.*

Қай Дума, кәмәсие болсадағы
Бұған зәкүн сұраймыз төрелесіп.
Жетпіс екі миллетте жол бар ма екен,
Сүйекті, дінді қорлауға тепкілесіп?
Құдайдан кітап келген халық болса,
Іс қылмас айуандарша көрді тесіп.
Русия патшасының низамында,
Мұндай іске Інжілде зәкүн нешік?
Бұларға патша низам білдірмеп пе?
Надандықпен қыла ма гуїлдесіп?
Бір орыстың тимейді моласына
Қазаққа әдейі қыла ма дүрілдесіп?
Қазақтың халқынан да крестианға
Ит баласы қадырлы бір көк күшік.
Жыртқыш айуан мінезді халықпенен,
Қалайша отыр дейсіздер біргелесіп?
Қалайша күнін көрсін қазақ байғұс,
Күнде сот, күнде бунт боп илесіп?..
Сөзімнің дәлеліне салсаң назар,
Қазақ малы кемісе, бәрі кемір.
Ірбіт, Мәскеу, Мәкерже — күллі базар.
Сыыр, қой, жылқы қылы, май, терісі,
Пәбрик те асыл пұлды жүннен тозар.
Шолақ мәстек, қу бөшке крестиан
Қазақтың байлығына болмас ажар.
Сендер үшін қазақ малы азайды деп,
Пәбриктер крестианның шашын күзер.
Зияраттың тақтайларын ұрлап алып,
Айуанша қараңғыда қазып мазар,
Үстіне егін шықса қырқып алып,
Аузына не тигенін итше қажар.
Біз солдат патшаға бердік дейді,
Омырауға салады өңкей о жар.
Қай жауды әскер беріп мұқатыпты,
Соғыста солдаттары жүреді азар.
Күллі халық қасыбы қазақпенен
Қисап неге қылмайды думашылар?
Пайдасы крестианнан кейін бе екен,
Қазақтың қайран малы көлге жүзер!
Әскерге де ат керек, тамақ керек,
Данышпандар қисапты қылса сезер.
Жер, суын, баққан малын алдыңыз да,
Қазақтан бұл уақытта болдың безер.
Дариға, дертті заман келгеннен соң,
Қаламда жөн қалмайды тізгін тежер!..
Бостаншылық берсе егер басымызға
Патшамыз мархамат қып ризаласып,
Бетімізбен біз де өлмес күнін көріп,
Тынышты жай іздер едік арып-ашып.
«Құрметті» крестианға жер кеңісін,
Орнымызды сол алсын әнілесіп.
Өлтірсе құн, сатылсақ пұлымыз жоқ,
Қор елді не қыласыз «құрметтесіп».

Осы «Патша өкілеті туралы» атты толғаудың соңғы шумақтары мынадай:

*Мархамат патшамыздан ала алмадық
Иә Бұқар кетеміз бе, иә Түркия?
Ородниктің (урядник) астында қалғаныңша,
Тіршілікте іздеңіз исламия,
Бір үш кез жер тимейді өлгеніңде,
Бұ не кеп, бұ не қасірет қамкіния!*

Қонысынан айрылған елдің мұң-мұқтажын Ақан сері халық атынан айтады. Мемлекеттік екінші думаға шағынады [5; 168]. Әділдік, үміт күтеді. Қазақтың ел тағдырын ойламай бейқам, қарекетсіз жайбарақат жатқанына өкініш білдіреді.

Ақанның сындары тек болыстар үстемдігін ғана әшкерелеуге арналмайды. Ол өмірде кездесетін жұғымсыздықтардың бәрін де болғызбауға тырысып, адамгершілікті жақтайды.

Ақанның терең ойлылығын танытатын нақылдар, дидактикалық тұспалдар

Ақанның халықтық шешендікті жіті игерген әрбір сөзі ұстамды нақыл, өнегелі өрнекті, адамгершілік дидактикаға толы келеді. Ол өмірден түйген тәжірибелерін қорытып, асыл ойларын жинақтап, өзіндік нақылға айналдырған. Түйінді озық пікірлер ұсынып отырған. Ал мына бір сөздерін тұнып жатқан философия демеу қиын («Адамның біліміне ақыл серік» деген шығармасы [3; 103]):

*Адамның біліміне ақыл серік,
Ақыл кен таусылмайтын жанға көрік.
Мидан шыққан сөзіңе тіл себепкер,
Қалай айтып сөйлесең өзіңде ерік.
Денеге аяқ басшы, ой жетекші,
Рақат таппақ адамзат көзбен көріп.
Жақсы менен жаманды сезбек үшін
Біздерге қойған жоқ па мұрын беріп?
Жаман, жақсы әр сөзді естіген соң,
Бәрі дағы тұрады құлаққа еніп.*

Ақынның «Ұзатылайын деп жатқан қызға» [14; 310,311], «Көңіл сыры» [14; 314,315], «Әйелдер сипаты» [14; 321,323], «Достарыма» [14; 326], «Жігіттерге» [14; 326,327], т.б. өлеңдері тұнып тұрған ақыл-нақылдар:

*Адамға мал мен мансап жолдас емес,
Байлықпен шайқап төгіп, ішсең үріп.
Қазына басқан байлық арылғанда
Алғандай қолдың кірін сумен жуып...*

* * *

*Жиырма бестен артық жас бар ма,
Ұйқыдан жаман қас бар ма?
Еріншектен жаман нас бар ма.*

* * *

*Ер пайдасы тиеді сасқан жерде.
Ел жаңылып етегін басқан жерде.
Дәулетің барда досың толып жатыр,
Тауық көп тары, бидай шашқан жерде.*

* * *

*Аққудың астығы жоқ шайнағанмен,
Құр тілдің пайдасы жоқ сайрағанмен.
Көнбейді жаман адам ынтымаққа,
Жүрмейді шошқа жөнге айдағанмен.*

* * *

*Алтынды қорлаганмен жез болмайды,
Жібекті жуғанменен бөз болмайды.
Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай,
Жаманның көкейінде көз болмайды.*

* * *

*Зат білер зат қадірін замандардан,
Жақсыны дұрыс болмас жамандаған.
Жаманға қадір білмес бір сөз айтсаң,
Тырысып болмас іске табандаған.*

* * *

*Адасып жаман бала қалар жолда,
Үлгімен ата жолын қуа алмаса.
Қараны көрінбеген болжау қиын,
Белеске биік-биік шыға алмаса.*

* * *

*Көкқұтан мойнын созып қаз болмайды,
Шын болат жасығанмен жез болмайды.
Ит үреді жақсыға, жаманға да,
Сары алтын қалыбынан қозғалмайды.*

* * *

*Шірімес алтын жерде жатқанменен,
Оқ жетпес ажалсызға атқанменен,
Жалқауға сөз, жаманға таяқ өтпес,
Тас жібімес дарияға батқанменен.*

* * *

*Жақсыға дәулет бітсе бақ айналар.
Жаманға дәулет бітсе ауайланар.
Басына ер жігіттің бір іс түссе,
Арасы қас пен достың абайланар.*

* * *

*Пасықтың пияғылы лас — қараңғылық,
Артылып сол қалпынан мәз болмайды.
Жамандар жауда жәрдем бермек түгіл,
Тар жерде басын бақса аз болмайды.*

* * *

Көңілі соқыр наданнан шықпас көсем.

* * *

Аққуды қарға қылар көре алмаған.

Көбелек өлім іздеп отқа түсер.

* * *

*Ой деген — терең дария,
Қаниша құйсаң толмайды.*

* * *

*Әлпештеп өсіреді ата-анасы,
Кей қыздың ұлдан артық дәрежесі.
Сүюге ұл мен қыздың бәрі бірдей,
Туған соң бөтен емес өз баласы.*

* * *

*Сұлу қыз жаңа піскен алма-дағы
Гауһартас жасырылған тауда бағы.
Қадірін өз басының білген қыздар
Қарамас көзін салып жанға-дағы.*

Ақынның философиясы — өлеңінің пафосы (шабыты). Поэзиясына жан беретін де оның пафостылығы демекпіз.

Түйін

Қазақтың классикалық ән үрдісінде Ақан сері оқшау, озық әрі дара тұр. Ол ұлы ұстаздары ұстанған халықтық табиғи дәстүрді ілгері дамытып, әннің құбылысын, ажарын, түрін, мазмұнын, жалпы бітім-болмысын байытып, сымбатын сұлуландырған, тек өзіне тән үн-баяуларымен қайталанбас тылсым көркемдік дүниесін жасаған аса құдіретті дарын, кемеңгер талант иесі.

Аяулы Ақан сері. Ақынның аңыз өмірі. Ол тірі кезінде аңызға айналған тұлға. Ал Ақанды аңызға айналдырған оның қиыншылыққа толы өмірінің өнердегі таңбасы. Ақан серінің өмірінде кездескен ауыртпалықтары аз болған жоқ. Бәтима, Ұрқия сынды жарларынан өлідей айрылса, Ақтоқтыдай сүйгенінен тірідей айрылу, өмірінің қызығы, мәні болған Құлагерінен, құмай тазысы Базаралысынан, ұшқыр қырандары Көкжендеті мен Қара торғайы — бәрінен бірінен соң бірінен айрылып, ең ақырында ата қонысынан айрылуы — бір адамның басына, «бір айналдырғанды шыр айналдырады» дегендей қиын тағдыр болды. Бірақ Ақан осындай қиын тағдырын өнерімен жеңе білді.

Ақан сері өмірінің қайғылы, шиеленісті тағдыры Құлагерге байланысты. «Құлагер» әні — Ақан шығармашылығының шыңы.

Ақанның алты алашқа атағының жайылуы, біріншіден, өнері болса, екіншіден, осы Құлагердің ат шабыстарында бәйгенің алдын бермеуі еді.

«Баспа-бас қызға бермес жануарым» деуінің өзі Ақан үшін Құлагерінің қаншалықты қымбат екендігін білдіреді.

Сайып келгенде, Ақан сері Қорамсаұлының ақындық-әншілік мұрасы — біліктілік пен білімнен, сыршылдық пен сыншылдықтан, әдептілік пен әдемілікке құмартудан, көрегендік пен көсемдіктен, қуатты шабыт пен құдіретті қиялдан өріліп туған, өрнектеліп тоқылған саф таза поэзия.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Есжанов С.* Ақан сері (1843 — 1913) // Ақиқат. — 2010. — № 6. — 106 — 107-б.
- 2 *Жұмабаев М.* Ақан сері // Қазақ. — 2008. — № 22 (379). — 30 мамыр. — 4-5-б.
- 3 Жеті ғасыр жырлайды: Екі томдық. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 2004. — 528-б.
- 4 *Сүйиниәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 928 б.
- 5 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. — 1-т. / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 1998. — 720-б.
- 6 Қазақ әндерінің антологиясы: Екі томдық. — 1-т. / Құраст. Ж.Кәрменов. — Алматы: Өнер, 1990. — 336-б.
- 7 *Жұмабаев М.* Шығармалар жинағы: Ауд., ғыл. еңб., мақал. — Алматы: Жазушы, 2003. — 232-б.
- 8 *Жанпейісова С.* Ақан сері әлемін әспеттеген // Ақиқат. — 2008. — № 3. — 84-б.
- 9 *Жақанов І.* Ән тағдыры // Жұлдыз. — 1991. — № 11. — 198-б.
- 10 *Жақанов І.* Аққулар қонған айдын көл: Деректі әңгімелер, эсселер. — Алматы: Жазушы, 1988. — 74, 75-б.
- 11 *Мұқатов М.* «Құлагер» атының шығуы // Жұлдыз. — 1990. — № 7. — 201-203-б.
- 12 Тарихи тұлғалар: Таным-көпшілік бас. / Құраст. Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. — Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2006, 239-б.
- 13 *Жүнісов С.* Ақан сері. Роман. — 1-кіт. — Алматы: Жазушы, 2003. — 276, 277-б.
- 14 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары: Үш томдық. — 2-т. / Құраст. М.Байділдаев, М.Мағауин. — 1984. — 336-б.
- 15 *Жансүгіров І.* Құлагер. Поэмалар мен өлеңдер / Құраст. Б.Сахариев. — Алматы: Жазушы, 1974. — 365, 366-б.
- 16 *Қастеева Т.* Ақанның арнау өлеңдері // Қазақ тарихы. — 2010. — № 3 (102). — 17-19-б.
- 17 *Негимов С.* Қазақтың сал-серілері: Ғылыми эсселер. — Алматы: Ана тілі, 2005. — 78, 79-б.
- 18 Ел аузынан: Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер / Құраст. Б.Адамбаев, Т.Жаркынбекова. — Алматы: Жазушы, 1989. — 368 б.
- 19 *Елеусізов М.* Ғасырдан астам жасаған // Жұлдыз. — 2004. — № 2. — 168-б.
- 20 *Сәкен Сері (Жүнісов).* Хаттар, хаттар // Жұлдыз. — 2004. — № 2. — 20-б.

- 21 Сөз тапқанға қолқа жоқ: Күлдіргі әңгімелер, шешендік сөздер, толғау термелер / Ел аузынан жин. А.Бейсенғалиева, С.Әбілғазин, С.Қарамендин. — Алматы: Жазушы, 1988. — 608-б.
- 22 *Жарықбаев Қ.* Аталар сөзі — ақылдың көзі. — Алматы: Қазақстан, 1980. — 93-б.
- 23 Сүйіншіден көңіл айтуға дейін / Құраст. Н.Төреқұл. — Алматы: Қазақстан, 1998. — 11-б.
- 24 *Жақанов И.* Ән тағдыры // Жұлдыз. — 1991. — № 10. — 173–178-б.
- 25 Ескі сөздер. Жин. С.Сауытбек // Жұлдыз. — 2008. — № 9. — 200-б.
- 26 *Кәкен А.* Ұлттық сана мінездемесі // Жұлдыз. — 2010. — № 9. — 140–147-б.
- 27 *Баймұратұлы С.* Ақан сері мен Мәмбет Әлі // Түркістан. — 2011. — 20 қаңт. — 10-б.
- 28 *Оразбек Н.* Қай заманда айтылған байлам екен? // Қазақ әдебиеті. — 2013. — № 27–28 (3348). — 5 шілде. — 11-б.

Р.С.Каренов

О жизни и творчестве Ахана-серэ Корамсаулы

В статье освещена жизнь и деятельность выдающегося поэта, певца, композитора XIX столетия — Ахана Корамсаулы. Показано, что он, сочетая дар поэта и композитора, обладая прекрасным голосом, стал легендарным «серэ». Сделан вывод о том, что поэт прожил жизнь трудную, отмеченную многими горестями. Описано, что особо остро пережил серэ в зрелые годы гибель от руки злоумышленников своего знаменитого скакуна Кулагера. Обосновано, что яркая жизнь и трагическая судьба Ахана-серэ оставили глубокий след в памяти народа.

R.S.Karenov

About the life and creative work of Achan Kormsauly

Highlights the life and work of an outstanding poet, singer, composer of XIX century — Achan Koramsauly. We show that it is combining the gift of the poet and composer, having a beautiful voice, became a legendary «Sere.» It is concluded that the poet has lived a difficult life marked by many sorrows. Is described, which is particularly acute Sere survived into adulthood death at the hands of their attackers famous horse Kulager. It is proved that remarkable life and tragic fate of Achan-sere left a deep impression in people's memory.

References

- 1 Eszhanov S. *Akikat*, 2010, № 6, p. 106–107.
- 2 Zhumabaev M. *Kazakhstan*, № 22 (379), 2008, May, 30, p. 4, 5.
- 3 *Seven centuries chanted: In two volumes*, vol. 2, Almaty: Zhazushy, 2004, 528 p.
- 4 Syuinshaliev H. *History of Kazakh literature: Textbook*, Almaty: Sanat, 1997, 928 p.
- 5 *Kazakhstan*. National Encyclopedia, vol. 1 / Editor A.Nysanbaev, Almaty: Home Edition «Kazakh Encyclopedia», 1998, 720 p.
- 6 *Anthology of Kazakh songs: In two volumes*, vol. 1 / Compiled by J.Carmen, Almaty: Oner, 1990, 336 p.
- 7 Zhumabaev M. *Works. Translating scientific papers and articles*, Almaty: Zhazushy, 2003, 232 p.
- 8 Zhanpeisova С. *Akikat*, 2008, № 3, p. 82–87.
- 9 Zhakanov I. *Zhuldyz*, 1991, № 11, p. 198.
- 10 Zhakanov I. *The wide lake where swans flew: Documentary short stories, essays*, Almaty: Zhazushy, 1988, p. 74, 75.
- 11 Mukatov M. *Zhuldyz*, 1990, № 7, p. 201–203.
- 12 *Historical figures. The publication of informative character for the majority of the population* / Compiled B.Togysbaev, A.Suzhikova, Almaty: «AlmatyKitap» LLP, 2006, p. 239.
- 13 Zhunusov S. *Ahan-sere: Roman. The first book*, Almaty: Zhazushy, 2003, p. 276, 277.
- 14 *Five centuries chanted: works akyns Zhyrau since XV century to the beginning of the XX century. In three volumes*, vol. 2 / Compiled by M.Baydildaev, M.Magauin, 1984, p. 336.
- 15 Zhansugurov I. *Kulager. Poems and Songs* / Compiled B.Sahariev, Almaty: Zhazushy, 1974, p. 365, 366.
- 16 Kasteev T. *History of the Kazakhs*, 2010, № 3 (102), p. 17–19.
- 17 Negimov S.K. «Sere» and «Sala» among Kazakhs: *Scientific essays*, Almaty: Ana tili, 2005, p. 78, 79.
- 18 *Of the people: the words of edification, thoughts of poets and legends* / Compilers Adambaev B., T.Zharkynbekova, Almaty: Zhazushy, 1989, 368 p.
- 19 Eleusizov M. *Zhuldyz*, 2004, № 2, p. 168.
- 20 *Saken Sere (Zhunusov). Zhuldyz*, 2004, № 2, p. 20.

- 21 *Who knows how it is appropriate to make a joke: Funny stories, words of the speakers, singing didactic content / Gatherers of people*: A.Beysengalieva, S.Abilgazin, S.Karamendin, Almaty: Zhazushy, 1988, 608 p.
- 22 Zharykbaev K. *Wise words — it is a sign of high intelligence*, Almaty: Kazakhstan, 1980, p. 93.
- 23 *Greetings from — to express soboleznoveniya / Sost. N.Torekul*, Almaty: Kazakhstan, 1998, 11 p.
- 24 Zhakanov I. *Zhuldyz*, 1991, № 10, p. 173–178.
- 25 *Obsolete turnover / Collector S.Sauytbek // Zhuldyz*, 2008, № 9, p. 200–202.
- 26 Kaken A. *Zhuldyz*, 2010, № 9, p. 147.
- 27 Baymuratuly S. *Turkestan*, 2011, January 20, p. 10.
- 28 Orzbek N. *Kazakh adebiyeti*, № 27–28 (3348), 2013, July, 5, p. 11.

УДК 82.0

С.Бенчич

Педагогический факультет Яноша Штейн, Комарно, Словакия (E-mail: stanobencic@gmail.com)

Произведения А.П.Чехова и их режиссерские воплощения в постановках словацких театров

Статья посвящена сценическим постановкам драм А.П.Чехова в Словакии. Автором проанализированы различные режиссерские концепции словацких театров, раскрыты особенности режиссерской манеры В.Таборского, Я.Бородача, И.Будского, М.Пиетора. Отдельно автор рассмотрел вопросы актерской игры, которая значительно трансформировалась в связи с драматургическим новаторством Чехова. Сценические воплощения драм Чехова автором рассмотрены в контексте постановок произведений и других русских писателей на сценах словацких театров.

Ключевые слова: драма, театральная критика, режиссерская интерпретация, чеховские драмы, сценическая постановка, психологический реализм.

Постановка русской драмы в Словакии имеет давние традиции и является масштабным культурным феноменом. Гастроли русских театров в Словакии и словацких театров в России с 1921 по 2000 годы описаны в книге «Русско-словацкий диалог» доктора PhD А.Павласковой (2003), в частности, гастроли Большого театра в 1973 и 1985 годах, Камерной оперы Московского театра Кирова, Мариинского театра, МХАТа в 1921 и 1956 годах, Театра сатиры в 1974 году, театра «Современник» в 1966 году и др. В 2000 году в фестивале «Театральная Нитра» принимал участие Санкт-Петербургский театр В.Ф.Комиссаржевской [1; 79–85] с постановкой «Буря» Шекспира.

Качественно новый этап истории русского театра связан с реалистическими тенденциями в искусстве XIX века. Русская драматическая культура оказала влияние на такие жанры словацкой театральной культуры, как политическая трагедия, сатира, сентиментальная комедия. Появление психологического реализма в искусстве нашло выражение в новом стиле актерской игры согласно методу Станиславского.

Русский театр сохранял свои позиции и в культурном пространстве периода социализма. Русское театральное искусство было представлено спектаклями Государственного академического театра им. Е.Вахтангова в Братиславе («Старый русский водевиль», 15.11.1987, «И дольше века длится день», «Буранный полустанок», 14.11.87), Московского театра на Таганке («Марат и Маркиз де Сад» Петера Вайса, 25.11.2004). В последнем представлении принял участие и режиссер постановки Юрий Любимов, который вместе с В.Высоцким считается одним из протагонистов театра. Диалоги на словацкий язык перевела Романа Малити с использованием перевода Яна Рознера и Зора Ясенской. Все эти выступления были источником вдохновения для наших артистов, но только режиссерская интерпретация игры А.П.Чехова сыграла ключевую роль в художественной эволюции словацкого театра.

Первым режиссером Словацкого профессионального театра, который в 1921 году ставил пьесы Чехова («Предложение», «Медведь»), был пражский актер, режиссер и переводчик Вильям Таборский (1869–1935) — настоящее имя Вацлав Вильям Нойманн. Во время своей краткосрочной деятельности в Словакии в 1920–1921 годах он создал впечатляющий репертуар.